ЖУРНАЛИСТ

№2 2014 жыл

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынов

Журналистика факультеті студенттерінің шығармашылығы

Жайсаң аға

Таусылмай бал өмірдің
тартымды әні,
Жайнасын жаныңыздың алтын
бағы.
Біз Сізді барлық істе көсем
көріп,
Ырзамыз қалпыңызға нар
тұлғалы.

Сіз ашқан жаңалықты ел
қыларыңыз,
Жіліктің майлы басы
сыбағаңыз.
Қарайтын жасбуынға қамқор
көзбен,
Тым биік адамылық
мұнарыңыз.

Теңізден табар анық көркін
кеме,
Сіз барда біз жүрмейік еркін
неге?!
Шешімтал, тындырымпаз
өзіңізді,
Танимыз іскер басшы ретінде
де.

Аталып есіміңіз
мақтанышпен,
Барады жылдар өтіп сәтті
ағыспен.
Үйдегі жеңгейге де саулық
берсін,
Ажары тәтті алмадай бақта
піскен.

Біз сізбен әкеміздей
сырласамыз,
Қаншама асуларды бірге
асамыз.
Ешқашан шаршау білмей,
жайсаң аға,
Ғасырды құрдас қылып жүз
жасаңыз!

Бекжан Әшірбаев,
ақын

Қозыбаев Сағымбай Қабашұлы 70 ЖАСТА

1944 жылы Қостанай облысы Жаңатұрмыс ауылында дүниеге келген.

1970 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді.

1974 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да аға оқытушы, доцент (1979 ж.), журналистика факультетінің профессоры (1989 ж.), декан орынбасары, факультет деканы (1976-1978жж., 1985-1993 жж.) жұмыстарын атқарды. 1981 жылдан бастап БАҚ және газет ісінің техникасы (1985ж.) және халықаралық журналистика кафедрасының меңгерушісі болды (1993 ж.). Ал 1996 жылдан бастап журналистика тарихы кафедрасының меңгерушісі.

ГДР (1987 ж.) және АҚШ (1993 ж.) университеттерінде дәріс оқыды.

С.Қ. Қозыбаев – қазақтың көрнекті көсемсөз шебері, Қазақстандағы БАҚ-тың бірден-бір негізін салушы және дүниежүзі журналистикасының тарихын зерттеушісі, Қазақстан журналистер одағының төрт мәрте сыйлығының лауреаты (1980, 1984, 1989, 2001 жж.).

Қазақстандық саяси энциклопедиясының авторы (1998 ж.), «Отандық

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан журналистика академиясының бірінші президенті.

журналистика тарихынан» - «Из истории отчественной журналистики» атты республикалық ғылыми-зерттеу журналының негізін салушы және бас редакторы (1997 жылдан бастап), «Справочник журналиста Казакстана» жобасының бас редакторы және авторы.

Радио және телевидения аймағында жарияланған жұмыстарын біріктіріп, ғылыми баяндама формасында ТМД-ғы бірінші докторлық диссертациясын журналистика саласында қорғаған ғалым, (Мәскеу қ.).

Оның ғылыми жетекшілігімен 18 кандидаттық және 2 докторлық диссертациялар қорғалды.

300-ге жуық ғылыми жарияланымның және 700-ден аса публицистикалық очерктер мен мақалалардың авторы. Жарияланған кітаптары: «Слово, ковавшее победу» (1979 ж.), «Радио в дни войны» (1981 ж.), «Четвертый фронт» (1983 ж.), «Аудитория – весь Казахстан» (1984 ж.), «Ядовитые стрелы» (1985 ж.), «Оборотни» (1987 ж.), «Очерки истории журналистики Казахстана» (1988ж.), «Зеркало жизни» (1997,1998 жж.), «Время – газетной строкой» (1988 ж.), «Моя Ленсмена» (2000 ж.), «Доброе имя народу» (2001 ж.), «Лики времени» (2002 ж.) және т.б.

ҚР саяси Ғылым академиясының академигі, «КСРО Германияны жеңгеніне 20 жыл», «Еңбек ардагері» медальдарымен, «ҚР білім аумағындағы еңбегі үшін», «Алтын самұрық» белгілерімен және КСРО журналистер одағының құрмет грамотасымен марапатталды.

Гуманист профессор

Өмірде жаны жайсаң, көңілі ақ, мейірімі шуақты жандар болады. Олармен жақындап, тілдесе кетсең, әңгіме желісі де жеңіл, өмірлік ойлары да жеп-жеңіл тартып, жадыраңқы көңіл сыйлайды. Ондай жандарды адамгершілігі жоғары деп атауға болады. Олар үшін «АДАМ» атты ұлы есім ең жоғары құндылық саналады.

Жалпы, гуманист деген кім дегенде сонау Қайта өрлеу дәуірін еске алуға туралы келеді. Адамзат өмірінде ғылым мен өнер, техника мен мәдениет өрлеген заманды ренессанстық гуманизм деуге келсе, онда біз өмір сүріп отырған тәуелсіз қазақ қоғамын қайта өрлеу кезеңін бастан кешуде деп батыл айтуға болады.

Гуманистік қоғамның тірегі, идеялық демеушісі болған зиялылар қатарында профессор Сағымбай Қабашұлы Қозыбаевтың есімі ерекше аталады.

Жалғасы 3-бетте.

Бүгінгі санда:

Бәйтеректің бұтағы

2 бет

Бүгінгі санда:

Қажымайтын Қозыбай

3 бет

Бүгінгі санда:

Поэзия әлемі

6 бет

Бәйтеректің бұтағы

Жетпісбай Бекболатұлы

Әлқисса..

Менің кейіпкерім, жарты әлемге әйгілі профессор Сағымбай Қозыбаев – Қостанай Торрғай өңіріндегі Меңдіқара ауданының тумасы.

Әр пенде туған жерінің топырағына тартады, дейді ғой. Сол рас па деймін.

Сәкеңді бұдан қырық жыл бұрын, 1974 жылдың жауынды күзінде көрдім. Қашықтан. Бірінші курсты тәмамдап, Қостанайға, ауыл шаруашылық жұмысына жүргелі жатқанбыз. Сәкеңнің кір жуып, кіндік кескен Меңдіқарасына. Оны Торғай, Қостанай қазақтары тіл талабына сәйкес жұмсартып, Меңдіғара деп атайды.

Қазір ғой бұл ауданның Меңдіқара болғаны. Ол кездегі атауы — Боровской. Дүрілдеп тұрған астықты аудан. Орыстың «Бор»-қарай орманы деген сөзімен төркіндес деу қисынға келеді, себебі аумағында сыңсыған қарағай, қайың ормандары, шоқ-шоқ терек, тал тоғайлар көп. Дерекке жүгінсек, әкімшілік-аумақтық бөлініс ретінде 1930 жылы құрылған. Солтүстікте Ресейдің Қорған облысымен шектеседі. Қазақтан шыққан алғашқы дәрігерлердің бірі Мұхаметжан Қарабаев, жазушы-педагог Спандияр Көбеев, Еңбек ері Кәмшат Дөненбаева, қоғам қайраткері Әубәкір Қасымқанов осы өңір перзенттері. Сондай-ақ халқымыздың рухани ұстаздарың бірі Марал ишан имандылық өнегесін себуге осы өлкеден аттанған, Қостанай облысының бас мешіті осы діндар ғұламаның есімінде. Өлкетанушылар «ауданның қазіргі аты 19-ғасырда өмір сүрген Мендіқара би құрметіне берілген, халық әлі күнге дейін әділ де данышпан би өнегесін жырға қосып айтып жүреді», деп жазады. Бетпаққара-Торғай жұрты кеңес кезінің өзінде Боровской демей, Меңдіғара дейтін, осы аудан орталығында Меңдіғара педучилищесі болатын, біздің ұстаздарымыздың көбісі осы оқу орнының түлектері-тін…

Енді сол жауынды күзге қайта оралайын. Жас емеспіз бе, Қостанайға дейінгі плацкарт вагонмен жүрген төрт күнді елең қылғанымыз жоқ, отарбадан түсе салысымен екі иінінен дем алып, тосып тұрған сарыжолақ «пазиктерге» отырып, «Боровской қайдасың» деп тартып кеттік. Таспадай тартылған асфальт жолдың жиегі көкке бой созған сымбатты қарағай, әсем аққайың. Әдетте ауыздары жабылмайтын журналист қауым сілтідей тынған. Керемет көріністе тебіренген кей ақын қойын дәптеріне үңіліп, жыр жолдарын асыға түсіруде… Бір-екі апта өтісімен-ақ сол бір тылсым толғаныстан туған балауса өлең-әңгіме-очерктер республикалық, облыстық газеттерде жамырай жарияланып жатты. Есімде қалғаны — талантты бауырымыз Ермек Әзімбайұлының «Лениншіл жас» газетінде шыққан суреттемесі, жаңылыспасам, «Ақ қайыңдар өлкесі» болуы керек…

Сол сапардан Қостанай-Тобыл өлкесіне талай жігіт пен қыз ғашық болып оралды. «Оралды» дегенді тура мағынасында айтып отырмын. Ауданның Жанкелдин атындағы кеңшарының Майалап бөлімшесінде бірге астық бастырған Жайберген Болатов пен Жанұзақ Аязбеков оқуды тәмамдасымен еш жаққа мойын бұрмай, Қостанайға тартты. Осы өңірде еңбектері еленіп, жұлдыздары жанды. Жәкең көп жылдан бері облыстық «Қостанай таңы» газетінің бас редакторы болса, Жанұзақ облтелерадио басшыларының бірі.

Міне, осындай сұлу өлкеде өмірге келіп, әлемдік журналистикаға жолдама алған Сағымбай Қозыбаевтың өзімен тікелей жүздесу шарапаты маған 1978 жылдың күзінде бұйырды. Бұл жерде «әлемдік журналистика» деп қызыл сөз үшін асыра айтып отырғаным жоқ. Сәкең анау-мынау емес, тұтас бір кезеңді қамтитын «кеңестік насихат» теориялық-практикалық зерделемесінен ойып тұрып орын тепкен қазақтың тұңғыш ғалым-журналисі, бұл жайында кейіннен кеңірек ой қозғаса деген ойым бар.

Мәскеу университетінің журналистика факультетіне ауысып, Ленин тауларындағы атақты «Высотка» жатақханасында тұрып жатқанмын. Ағамыз бізді өзі іздеп тауып алды. Бізді дегенім-қазақ рухани, яки ислам журналистикасы теориясының негізін салушы ғалымдардың бірі, Еуразия университетінің ұстазы Рахима Нұриденова, қырғыз бауырларымыз Айна, Талант, Тоқтоғұл. Сәкең ол кезде КазМУ журфағында

ұстаздық еткен жазушы Тұтқабай Иманбековпен бірге үш айлық ғылыми тағылымдамаға келген екен. Тұтқабай ағай жап-жақсы әнші, «Екі жиреннің» Шәкен айтатын нұсқасы» деп, отырыстарда сызылта жөнеледі.

Сәкең ол кезде отыздың төртеуінде болуы керек, бүгіннің өлшемімен қарағанда шикі жас. Сонда байқағаным ғой: кісімен араласқанда аласарып та, аспандап та кетпейді екен. Шешендігі де, көсемдігі де бір басына жетіп артылады. Бұл пікіріме сыралғы жұрт дау айта қоймас.

Мен Сәкеңмен бірлесіп «Социалистік Қазақстан» газеті туралы 1990 жылы «Өмір айнасы» атты кітап шығардым. Бұл туынды Қазақстан журналистер одағының сыйлығына ие болды.

Осы орайда Қозыбаевтың кісілігі туралы біраз айтуға болады. Бұл жерде «кісілік» деп шегірткенің тұлпарындай жер тарпуды емес, бастаған істі баянды етуді мегзеп отырмын. Басқаны былай қойғанда, Сәкең құрған Журналистика академиясы, штамппен сөйлейтін болсақ, бұрынғы кеңес елдеріндегі баламасы жоқ қоғамдық ұйым» болып табылады. Ал, қазір кез келген жоғары оқу орыны ай сайын дерлік өткізіп жатқан Халықаралық ғылыми конференцияны елімізде тұңғыш ұйымдастырушылардың бірі осы Қозыбаев. Бұл туралы Марат Барманқұлов ағамыз «1998, 199, 1992-жылдары Сағымбай Қабашұлы үш бүкілодақтық және халықаралық ғылыми-практикалық кофнеренция өткізді. 1990 жылғы конференцияға КСРО-ның түкпір-түкпірінен 163 ғалым қатысты, мұндай алқалы жиынды абыроймен өткізу ердің ерінің ғана қолынан келеді ғо»», деп ағынан жарылған еді.

Осы жолдардың авторы сол конференцияға келген меймандардың шашбауын көтергендердің жуан ортасында жүрген еді. 1990 жылы Тбилиси журфағының басшысы, ғылым докторы, профессор Нодар Табиздзе МГУ мен БелГУ-дің декандары Ясен Засурскиймен, Борис Слукамен бірге Сәкеңнің құрметті қонағы болды.Сағымбай Қабашұлының «Нодар-асылдың сынығы ғой» дегені жадымда қалыпты. Н.Табидзе-атақты грузин ақыны Тициан Табидзенің немересі. Ақсүйек Грузияда Табидзелер ұлағатты зиялылар династияларының бірінен саналады.

Алыптар аясында

Сондағы Сәкеңнің айтқан сөзі оның өзіне де тікелей қатысты екенін естеріңізге сала кеткелі отырмын, құрметті оқырман. Қозыбаевтар әулетін Қазастанда білмейтін көзіқарақты жұрт кемде-кем. Ал, Қостанай-Торғай өңірінде бұл фамилияның, белгілі журналист-зерттеуші Аяған Сандыбай айтқандай, брендтік сипаты бар. Осы өлкенің тумасы болғандықтан, бұл жәйт маған жақсы мәлім.

Ел ішінде еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін танымал бұл әулеттің сын-сынағы мол жиырмасыншы ғасырдағы бастауында қадірменді ақсақал, қиын-қыстау соғыс жылдарында еліне пана боған Қабаш Қозыбаев тұр. Сағымбай ағамыз жуырда жарық көрген «Звезды в небе» кітабында әкесі Қабаш Қозыбаев туралы әр жылдардағы жарық көрген материалдарды топтастырып, оқырманға ұсынған. Олардың ішінде ақын Ғаббас Жұмабаевтың «Қозыбай самолеті» атты поэмасы бар. Сөйткен Қабаш ақсақал 1898 жылы туып, 1973 жылы дүние салған. Мендіқара ауданының Жаңатұрмыс ауылында, Қарасу ауданында, Ұзынкөл ауданының бірлік колхозында 20 жыл бойы ауыл шаруашылық саласында басшы болған. Соғыс өрті лаулаған 1943 жылдың басында 190 мың сом қаржының басын құрап, көрші «Красный повстанец» колхозының төрағасы Иван Верещенко, ол осынша ақша жинайды, екеуі Чкалов қаласына барып, үш әскери самолет сатып алады. Оның бірінің қанатына қызылмен «Қабаш Қозыбаев», екіншісінің қанатына «Иван Верещенко», ал үшіншісінің қанатына екеуінің атын қатар жазады. Бұл патриоттық бастаманы жоғары бағалаған Жоғарғы Қолбасшы И.В. Сталин Қабаш Қозыбаев атына жеделхат жіберіп, ризашылығын білдірген. Ол жеделхат кезінде Кеңес Одағының бас газеті “Правдада” жарияланған болатын.

Жақында Сәкең Қостанайда осы кітабының тұсаукесерін өткізді. Кештің бас мейманы кітап авторының үлкен әпкесі, қарт ұстаз Сәулеш Қозыбаева болды, деп жазды баспасөз. Жергілікті журналистер Сәулеш апайдың: «Әкем осы қаржыны жина¬ғанда, үйдегі малды, ине-жіпке, балаларының киіміне дейін сатыпты. Анама: «Аштықта да өлген жоқпыз, біз елдеміз», деген екен. Сонда үй толы жан болатын, інісі Оразалы майданда. Әкеміз аштықты, колхоздастыруды, репрессияны, соғыс қиындықтарын басынан кешті. Ол колхоз басқарса да кедей тұрдық. Соғыс кезінде ауылдас¬тарына «қара қағаз» тасып, жаны жүдепті. Кейін: «Қарақыз деген кемпірдің майданға кеткен төрт баласына «қара қағаз» келгенде, соңғысын үміті үзілмей жүрсін деп апарып бермедім» дегенін өзім де талай естіп едім» деген әңгімесін келтіреді.

Торғай өңірінде Сағымбай Қабашұлының немере ағасы Оразалы Қозыбаевты білмейтін жан кемде-кем. Ол кісі ұзақ жыл Ақтөбе облыстық атқару комитетін басқарды. Бүгінде Меңдіқара ауданының Қаратал орта мектебі Оразалы Қозыбаев атында. Ал, Оразалы ағамыздың елге сіңірген басты еңбегі Арқалық қаласымен тікелей байланысты. Тың игеру жылдары Амангелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған ол «Правда» газетіне “Торғай шақырады” атты ашық хат жазып, ежелгі өңірді игеру қажеттігін негіздеді. Бұл жерде астық өсіруге болмайды деген бұрынғы пікірдің терістігін Оразалы ағамыз сөйтіп, нақты іспен дәлелдеген-ді. Кейін ол кісі Арқалық ауданын басқарып, оның қалыптасып, дамуына зор үлес косты. Осы еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Бүгінде қаланың орталық көшелерінің бірі Оразалы Қозыбаев атында.

Ал, еліміздің ғылыми қауымы «қазақ тарихының Колумбы» атаған Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың жөні бөлек. Тәуелсіз тарих тұжырымдамасын қалыптастырған «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Жауға шаптым ту байлап», «Тарих зердесі» еңбектерінің авторы Манаш ағай туралы шәкірті, профессор ӘбдешТөлеубаев «академик Қозыбаев 15 жылдан астам қазақтың тарих ғылымының қара шаңырағын басқарды. Оның тарих ғылымының басында болған кезі өте бір қызықты, жаңа мүмкіндіктер ашылған Қайта құру және Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығы еді. Бұл кезеңде қоғамдық ғылымдар өкілдері біршама абдырап қалғанды. Осы жағдайда ресми тарих ғылымының басында отырған академик Қозыбаевқа өзі бұрындары арнайы айналысқан мәселелерге жаңаша көзқараспен қарап, тіпті бұрын айналыспаған проблемалар бо-йынша да тарих ғылымының жа¬на көшін бастауға тура келді. Бұл мәселелер: Отан соғысының ашы шындықтары, Ресейдің отарлау саясатының зардаптары, XX ға¬сырдың 30-40 жылдарындағы геноцид, ұлттық элитаға қарсы террор трагедиялары т.с.с. мәселелер еді. Мәкең өткен ғасырдың аяғында, қазақстандық біраз тарихшы ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, Еуразия апайтөсінде өзіндік ерекшеліктері бар Дала өркениеті болғанын дәлелдеп, дәріптеді, бұл концептуалдық пайымды өзінше тың ойлармен бекіте түсті. Бұрыннан еуропо¬центристік ғалымдар қалыптастырған “көшпелілер өркениеттің жауы, олар өркениет жетістікте¬рін тек отырықшы халықтарды жаулап алу арқылы ғана пайдаланған” деген көзқарастарға тойтарыс берді»-деп жазады.

Манаш ағай ақын болған. Әбдеш Төлеубаев тарлан тарихшы туралы сол мақаласында ол кісінің:

«Ақша бұлттай бейне бір
Білінбейді көшкенің.
Қайтып келмес қайран күн,
Білінбейді өткенің!?» – деген жолдарын келтіре кетеді.

Манаш ағайдың жан-жақты білімділігіне, көп қырлы талантына 1998 жылдың ақпан айында аз күн дәмдес болғанда көз жеткіздім. Алматы облысының әкімі болып тағайындалған белгілі қоғам қайраткері Заманбек Нұрқаділов ағамызды сол жылдың басында Түркімения президенті Сапармұрат Ниязов ресми сапармен келуге шақырған-ды. Мемлекеттік делегация құрамында Ұлттық Ғылым академиясының Тарих институтының директоры Манаш Қозыбаев, әкімнің орынбасары Жібек Әмірханова, халықаралық бөлім бастығы Елдар Қонаев кірді. Сондай-ақ бірқатар өнер қайраткерлері де болды. Ал, «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің сол кездегі тілшілері Саясат Бейісбай мен Игорь Черепанов, «Қазақстан» ұлттық телеарнасының редакторы Абдолла Сүлеймен және операторлар Зәкеңе ерген журналситер қауымын құрады.

Ашғабат шаһары мен Ахал велаятын аралаған бір апта көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Ресми кездесулерде болсын, өзара отырыстарда болсын әңгіменің тізгіні Зәкең мен Манаш ағайда болатын. Делегация туралы құлақтанған Түркімен Ғылым Академиясының президенті арнайы іздеп келіп, мейман етті. Сонда Манаш ағай қазақ пен түркіменнің бір атадан тараған нақты тарихи фактілерге негіздей отырып, әңгімелеп бергенінде, жиналған ғылыми жұртшылық қыбыр етпей отырып тыңдаған-ды.

…Сағымбай Қабашұлы биік мінберден шешіле сөйлеп кеткенінде қайран Манаш ағамыздың еске түсетінін қайтерсің.

Өзі бір мектеп…

«Шәкіртсіз ұстаз-тұл» дейді халық даналығы. Сағыбай Қабашұлы журналисткиа факультетінде еңбек еткен аттай қырық жыл ішінде өзіндік ғылыми мектебін қалыптастырды. Бұл жайында белгілі журналист Құттыбек Аймахан былай деп жазады: «Әрине, оқытушы болу да, ғалым болу да адамнан екі түрлі қасиетті талап етеді. Атап айтқанда, оқытушының ең алдымен студенттерді өзіне тарта білетін, оқыған дәрістерінің қыр-сырын жете меңгерген, сөзге шешен жан болуы қажет болса, осының бәрі Сағымбай Қозыбаевтың бір басынан табылады. Әсіресе, бұл ұстаздың оқыған дәрістерін студенттердің қыбыр тепей тыңдайтыны аудиториямен байланыстың жоғары шеберлігін көрсетеді… Сондықтан болар, бірте-бірте С.Қозыбаевтың жолын қуушылар көбейіп, оның ғылыми мектебі қалыпатасты».

Сағымбай Қабашұлының азаматтығы, кімге де қолғабысын тигізуге әзірлігі оның тектілігінен хабар беретін болар. Осы орайда Сәәкеңнің әріптесі әрі шәкірті Клара Қабылғазықызының жүрекжарды пікірін де келтіре кеткенді жөн көріп отырмын. «Сәкеңнің қолұшын беріп, көмек көрсетпеген адамы журналистика саласында некен-саяқ сияқты. Ғылыммен шұғылданушы студенттерге, магистранттарға, аспирант-тарға, стажерлерге, диссертанттарға алтын-дай қымбат ақылын аямай, уақытын бөліп, түсіндіріп, ұқтырып, қажет жерде жазып та беретіні бар. Ғылымның шырғалаң, бұралаң сүрлеуінде адасып жүргендердің талайын жол сілтеп, жөн айтып отырады. Соның бірі өзім екенімді жасыра алмаймын». Танымал зертеуші Клара ханым талай көгенкөздің көкейіндегіні тап басып отырғанына дау жоқ, дей аламын.

Ғылыми мектеп туралы сөз қозғағанда, өзінің аты-жөні-ақ айтып тұрғандай, көне түркі тарихының білгірі Аманқос Мектептің ауызынан шыққан, бір өзі тұтас мақалаға татитын жалғыз сөйлемге тоқталмай кеткенім әбестік болар. «Оның лексиконындағы қазақизмдер, сөйлеу мәнеріндегі тыныс алу, екпін қою, буын-буынға бөлу әдіс-тәсілдері, артикуляциялық-акустикалық өзіне ғана жарасымды ұлттық колорит, табиғи шешендік, интеллектуалдық білік-деді Аманқос мырза- уақытпен бірге дарыған кәсіби дағдыны аңғартып тұрады». Сондай-ақ Аманқос мырза «бүгінде ақеділ жандар «ғалымдар мектебін» қалыптастырып жатса, оған қарама-қарсы кейбіреулер «залымдар мектебін» де ұйымдастырады-ау» деп, қынжыла үн қатты. Тобыл тоғайында жапырақ жайған сол бір бәйтерек бүгінде тамырын тереңге жіберген алып дарақ. Елге қорған да болатын, жайқалған орман болатын осындай дарақтар екенін ұмытпайық, ағайын!

http://www.jurfak.kz1 МАУСЫМ 2014.

(басы 1-бетте)

70 жасын толтырған ғалым өзінің өмірлік-ұстаздық принциптеріне адал, ұстанымдарына берік.

Профессор Қозыбаев қоршаған ортасына жаңа ілім мен білімді юормен де, әзілмен де, өмірлік пәлсапамен де шұрайлы тілдің тезіне салып жеткізетін дәріскер. Шәкіртіне әкелік мейірім мен достық ілтипат көрсете алатын жомарт жан.

Еліміздің бүкіл БАҚ нарығына 80 жылдан астам маман даярлап отырған алтын ұяның дәстүрлерін жадына сақтаған тәлімгер. Сексен жылдың тарихын сана атты таспасына көшіріп, факультет шежіресін мүлт жібермей баяндауға шебер ұстаз әлі де болса жадына берік. Оны гуманист, энциклопедист ғалым деп атауға толық негіз бар.

Алаштың ардақтыларын дүниеге әкелген де, алаш зиялылары талай тер төккен Қостанай өңірінде дүниеге келген профессор-ұстаздың өмір тарихы қайталанбас шежіреге ұқсас.

Қазақ ғалымдарының арасынан суырылып шығып, Мәскеуде ғылыми еңбектерінің негізінде баяндама жасап, докторлық диссертациясын қорғаған ол заманынан озық, жаңашыл ғалым.

Қазақ журналистикасының мәтрі атанған Сағымбай Қозыбаев елімізде Қазақстан журналистика академиясының негізін қалады, бүгінде осы ұйымның Президенті. Оның қаламынан мыңнан астам ғылыми әрі публицистік туындылар жарық көрді. Қос тілді еркін меңгерген ұстаз-ғалым шығармалырының басым бөлігін орыс тілінде жариялады. Оның шығармаларының басты ерекшелігінің өзі – орыс тілінде жазылуында. Тілі жеңіл, сөздік талғамы жоғары, тіркес құрамдары орайлы келетін Сағымбай ағаның әр туындысы шағын классикалық дүниеге тең. Журналист-публицистің қалымынан туындаған бірнеше циклдарға талдау жасағанды жөн көрдік.

«Лики времени» циклі журналистің өмір сүрген ортасы, аға буын өкілдері, замандастары жайлы шағын ғана көсөмсездерден тұрады. Жалпы, журналист естеліктерден тұратын эсселер жазуға машықтанған. Қозыбаевтың журналистік зертханасының ерекшелігі де заманын – шежіре, өмірін – тарих, ертеңін – болашаққа айналдырар ұстаханасында. Д. Қонаев, С. Сейфуллин, Қ. Сәтпаев, М. Барманқұлов, Ә. Әлімжанов, Т. Амандосов, Ш.Уәлиханов... бұл тізім қазақтың көрнекті қайраткерлері, журналистері, ғалымдарымен толыға бермек. Журналистік сөз саптауында мін жоқ. Шағын ғана сөйлемдер. Қысқа ғана ой оралымдары. Тауып айтылған теңеулер, үндескен метафоралар. Оқырманын еліктіре де, еркелете де, ой сала да алатын журналистің естелік-эсселері асылдың сынығындай таза, жинақы, құнды.

Журналист-публицист туындыларын қазақ тіліне аудару күн тәртібінде кезегі келгендей. Жас журналистер буыны профессордың тағылымға, мәнге толы туындыларын төл тілінде оқып, сөз құдіретін түсіне, сезіне білетін уақыт та келді. Оның: «Конаев для многих и сегодня остается, скажем так, мини-богом», «Сейфуллин был красив, как Бог», «Эффективная внешность букеевского хана, гордый лик сибарита, пронзительный взгляд» сияқты сөйлем саптауларын қазақ тілінде сөйлету екінің бірін қолынан келе бермесі анық.

Журналистің мен сүйіп оқыған «Взгляд», «Там, за горизонтам», «Имя в истории», «Этюды на полях» секілді циклдарының әрбірінде өмір, қоғам, адамгершілік, достық, замана, тарих жайлы эссе-толғауларын атауға болады. Журналист толғанбай дүние жазбайды. Оның әрбір туындысында өмірдің ағысы, жүректің соғысы, замана тынысы сезіліп, сөзбен өріліп жатады.

Журналистің жолсапар эсселері де бірқатар. Оның қаламынан Ресей («Питер», «Другая Русь»), Украина («Ночи Украины»), Түркия («Азан у Европы»), Германия («Любовь и гармония»), Таиланд (Сиам), Америка («Трость и небо»), Сингапур («На пути к экватору») ел мен жер, адам мен қоғам жайлы іссапардан түйіп қайтқан әсерлері мен ойлары тізбектеледі. Жай ғана тізбектелмейді. Оқиға журналистің маңында басталып, өрбіп, аяқталады. Журналист туындыларында параллелизм сарындары басым. Сонау Еуропа не Америка, Түркия не Шығыс Азия жайлары әсерлі баяндау туған елге деген сағынышпен араласып, теңесе кетеді. Елінің ұлы, отанының азаматы атану журналистке басты сын. Міне, осы сынннан мүдірмей өткен журналистің туындыларында сиямен тараған күш бар, қуат бар.

Профеесор, журналист, ұстаз-ғалым С. Қозыбаевтың бізге танылмаған әлемі бар. Бір қарағанда сондай ашық, сондай жұмсақ профессор кейде ұзақ ойға шомады. Журналист ретінде таңдаған кәсібінің мәтрі атанған, ғылым жолында тың да инновациялық қадам жасаған профессор, көсемсөздерін жиып, теріп баласындай қызғыштай қорып, оқырманымен бөлісуге асығатын көсемсөздің шебері Қозыбаев әлемін зерттеу – уақыт ұсынған, замана сыйлаған миссия. Бұл бағытта профессордың шәкірттері алда талай зерттеулер жүргізіп, ғылыми ортада тың дүниелер ұсынары сөзсіз.

Гүлмира Сұлтанбаева,
саяси ғылымдарының докторы, профессор



Қажымайтын Қозыбаев

Жұмабек КЕНЖАЛИН

Қазақстанның ақпараттық кеңістігіндегі ахуалды осыдан 17 жылғы жағдаймен салыстыруға мүлдем келмейді. 90-шы жылдардың басында демократиялық бостандыққа қол жетті, ел өз тәуелсіздігін жариялады дегенімізбен бұқаралық ақпарат саласындағы үрдістерден әлі де болса ескі моноидеологияның ызғары есіп тұрған-ды. Ақиқатын айтқанда, ол жылдары жаңа мен көненің, тың көзқарас пен тоқыраған пиғылдың текетіресіп жатқан кезі еді. Әсіресе, мемлекеттік басылымдар тарапынан бұрынғы инерция бойынша жоғарыға жалтақтау, қоғам өміріндегі ең өзекжарды мәселелерді айнала өту секілді жағдаяттар болмай қалған жоқ. Ал, бірақ сол басылымдардың бүтіндей материалдық техникалық базасы, қаржыландыруы «бір көзден» қамтамасыз етіліп отырғандықтан да бұл газет-журналдардың жұмысының ыңғайын бұрынғы сүрлеумен құрмасқа амалы жоқ та еді…

Бұл әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі, профессор, Қазақстан журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаевтың пікірі. Профессор Сағымбай Қозыбаевтың сөзінің жаны бар. Дегенмен де, уақыт шіркіннің бір орында тұрақтап қала алмайтыны, үнемі өзгерісте болатыны секілді Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық болмыстың талаптарына сай өздерінің жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін қайта құрып, оны біртіндеп жетілдіре бастағаны тағы шындық. Сөйтіп, осынау үрдіске республиканың ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға практик журналистермен қоса БАҚ мәселесінің теориясы мен тәжірибесін таразылап талдауға ғалымдарымыз да айтарлықтай үлес қоса бастады.

Мәселен, кешегі өткен Х.Бекхожин, Б.Кенжебаев, Т.Қожакеев, М.Барманқұлов сынды ғалымдар салған соқпақты бүгіндері Н.Омашев, С.Қозыбаев, Б.Жақып және олардың соңынан ерген бір топ үркердей үмітті топ лайықты жалғастырып келеді. Ал осылардың ішінен тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Қабашұлының соңғы жылдардағы шығармашылығы хақында ой өрбітуді жөн көріп отырмыз.

Ілгеріде біз ел өміріндегі өтпелі кезеңнің екінші сатысында қазақстандық БАҚ-тардың жұмыс әдіс-тәсілдерінде елең еткізерлік өзгерістер пайда бола бастады дедік. Бұрыннан бар журналистік қоғамдар, ұйымдармен қоса жаңадан шығармашылық бірлестіктер шаңырақ көтергені мәлім. Айталық, ғасырдың басында «Media Net» халықаралық журналистік орталығы, «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық қор, «Қазақстан журналистер конгресі», «Eurasian Media Forum», т.б. журналистер қауымдастықтарының тұсауы кесіліп, жұмыс істей бастағаны белгілі. Міне, осылардың алдыңғы легінен Қазақстан журналистика академиясы лайықты орын алады десек артық айтқандық емес. Құрамында еліміздің БАҚ саласындағы ең таңдаулы қырыққа жуық кәсіби шеберлері кіретін бұл академия қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білді; республика журналистерінің шеберлігін ұстарту мақсатындағы жұмысқа лайықты үлес қосып келеді деп толық айтуға болады. Ал соның басы-қасында жүрген академияның президенті Сағымбай Қозыбаев.

Сәкең Қазақстан журналистика шаңырағына кездейсоқ бас сұққан «жазғыштардың» немесе есіктен кіріп төр менікі дейтін пысықайлардың бірі емес. Ол өзіндік орнын айқындаған, қолтаңбасы қалыптасқан шын майталмандардың бірі. Бұл пікірді хаттап отырғанда біздің ойымызға Сәкеңнің жаналыққа жаны құмар қаламгерлігі, ізденімпаз елгезектігі ойға оралады. Оның бұл қасиеті Қазақ радиосында бас редактордың орынбасары, кейінірек Бүкілодақтық радионың Қазақстандағы тілшісі болып жұмыс істеген жылдарында айрықша жарқырап көрінді. Журналистік сапарлардағы көргені мен түйгені мол Сағымбай өзінің зерттеушілік өрісінде де өзгелерге үлгі боларлықтай қасиетімен танылды. Ол журналистика тарихын зерттеуде, зерделеуде қыруар ізденістерге барды. Ұлттық баспасөзіміздің кенен кешегісі мен кемелді келешегіне қатысты ғылыми негізді, дәлелді байламдар жасады. Айталық, Сәкеңнің түптеп зерттеуінің нәтижесінде республикалық «Корё ильбо» газеті өзінің шыға бастау жылнамасын 1937 жылдан емес, енді 1923 жылдан бастайтын болды. «Экспресс К» газеті де (бұрынғы «Ленинская смена») осылайша шыға бастау шежіресіне өзгерістер енгізді. Сөйтіп, екі басылым да өздерінің 30 жылдық мерейтойын атап өтті.

Ретті жерінде айта кетейік, осы газеттердің шығармашылық алқасы мен сан мыңдаған оқырмандарының қарапайым қазақ ғалымына оның басылымдар шежіресін зерттеудегі табандылығына айтар алғысы шексіз болғаны сөзсіз.

Мақтануға, мақтауға тұрарлық па? Әрине! Сағымбай Қабашұлы өз қаламынан туған әрбір шығарманың, зерттеу еңбегінің қашан тұсауы кесілгенше толғанып, тебіреніп жүреді. Өмірде тақтайдай жол әркез бола бермейтіні анықат. Алайда, «біткен іске сыншы көп» деген нақылдың өз алдынан талай шыққанын Сәкең жақсы біледі. Оны мына бір жағдаяттармен салыстырғым келіп отыр. Осыдан 2-3 жыл бұрын Сәкең Қазақстан журналистикасының энциклопедиясын шығаруды қолға алды. Жұмыс жұмыстын арасында уақыт тауып, оған қажетті материалдар әзірледі. Тиісті мекемелерге сұрау салды. Жекелеген кісілерге, баспасөз ісінің төңірегінде жүрген азаматтарға ұсыныс айтты. Тым болмағанда, өздеріңіздің өмірбаяндық деректеріңізді беріңіздер деді. Осыған елп ете қойғандары көп болмады.

Ал, қолжазбаны өндіріске тапсыратын уақыт болса таяп қалды. Амалдың жоқтығынан жиналған материалдар барынша өткізіліп, кітап әу баста ойластырғандай энциклопедия емес, анықтамалық болып шықты. Шығуы шыққанымен, дау айтушылар, өкпе білдірушілер кебейді: «Мен неге ілінбей қалғам?», «Әні бір мәселе, мына бір проблема ұмыт қалыпты ғой…» деген секілді. Сәкең о бастан терісі кең адам, осының бәрін көтере білді де: «бұл енді бірінші шығарылым ғой, сіздер белсенді атсалысқанда кем-кетігі де аздау болар еді. Анықтамалық келесі жолы энциклопедия болып шығады. Сонда міндетті түрде кіресіздер» деп олардың да көңілін көтере демдеп, жауапкершілік шылбырының бір ұшын өздеріне ұстатып қойды.

Ал, ақиқатына келсеңіз, энциклопедия шығару бір адамның ғана қолынан келетін шаруа емес, мұндай іске әдетте тұтастай институт ғалымдары жұмылдырып жатады. Сәкеңнің осындай күрделі шаруаны батыл қолға алып, оған із тастаудың өзі де үлкен ерлікпен пара-пар!

Уәде – орындалумен құнды. Сәкеңнің өкпе білдірушілерге айтқан уәдесі жай ғана көңілжықпастық сөз емес екен. Ол өз сөзінде тұра білетін азамат екендігін де дәлелдеп жүр. Соның айқын бір мысалы, 2006 жылы «Қазақстан журналистикасы энциклопедиясының» жарыққа шығуы. «Экономика» баспасынан «Отандық журналистика» сериясымен дүниеге келген 531 беттік бұл көлемді ғылыми басылымның еліміздің бұқаралық ақпарат кеңістігінде алар орны ерекше болмақ.

Сағымбай Қозыбайұлы осынау энциклопедияны жарыққа шығаруда қыруар дайындық жүргізгенін, оның ізашар басылымдардың тұсауын кескенінің куәсі болып жүрміз. Ғалымның қаламынан туған «Менің Ленсменам» (2001), «Жарық жұлдыздар. Отандық журналистика элитасы» (2006), сондай-ақ, «Масс-медиа. Словарь-справочник» (2007) деп аталатын кітаптар журналистер әулеті мен саясаттанушыларға, тарихшыларға қажетті таптырмас көмекші құралға айналған. Осылардың ішінде, әсіресе, «Масс-медиа. Словарь-справочниктің» орны ерекше. Көлемі 720 беттен тұратын осынау энциклопедиялық басылымға үш мыңнан артық мақала енгізілген. Өзі басқаратын Қазақстан журналистика академиясының жұмыс ауқымында атқарылған елеулі іс боп танылатын осынау энциклопедиялық басылым масс-медиялық анықтама сөздіктермен қоса теориялық түсініктемелерді қамтып қана қоймай, Қазақстандағы БАҚ саласындағы заңнамалық актілер туралы да мағлұматтар береді. Бұл ретте «Масс-медиа. Словарь-справочниктің» еліміздегі журналистика мамандығы бойынша дәріс алып жүрген шәкірттер үшін негізгі оқу құралдарының бірі болатындығына кәміл сендіргіміз келеді.

Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде Журналистика академиясының алатын орны ерекше. Жылма-жыл өзінің сессиясында республикадағы бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы шығармашылық сайыстың қорытындысын қарайтын оның әр мәжілісі үлкен мәртебеге ие екендігінде сөз жоқ. Себебі, академия белгілеген жалпыұлттық «Алтын жұлдыз» және «Алтын самұрық» сыйлықтарын алу жолында еліміздің түкпір-түкпірінен талай үміткерлер бақ сынасады. Ал, шын жеңімпазды таңдау, олардың тұғырлы орнын белгілеу нағыз кәсіби шеберлер мен білімпаздардың әділдігіне, азаматтық өре биігіне байланысты. Ақиқатын айту керек, Сәкең бастаған журналистика академиясының академиктері жылма-жыл осынау өлшем биігінен көрініп келе жатқандығы сөзсіз.

«Ұлық болсаң – кішік бол», «Кең болсаң – кем болмайсың». Осынау бір қанатты қағидаларды өз ғұмырының бағдаршамындай ұстанатын профессор Сәкең – Сағымбай Қабашұлы Қозыбаев қазір зор шығармашылық шабыт үстінде. Қымқуыт, қам-қарекет ішінде. Бірде – университетте, бірде – академияда. Бәріне уақыт тауып жүргені. Бүгінде университет аудиторияларында шәкірттеріне дәмді де дәлелді дәріс оқитын ұлағатты ұстаздың бітімі уақыт озған сайын тұлғалана түссе, ол – заңдылық. Абырой-бедел деген сол.

Оның үстіне Қазақстан журналистика академиясының қат-қабат шаруаларын сүріндірмей, қабындырмай алып келе жаткан қайраткер азаматқа тілеукорлар да көп. «Қажымайтын Қозыбаев!» деп мақтанышпен ауызға алатынымыз да сондықтан!

«Түркістан» газеті, 24 сәуір, 2008 жыл

Сұхбат

Сағымбай Қозыбаев, Қазақстан Журналистика академиясының президенті: Алдағы 20 жылда қазақстандық БАҚ өзінің төртінші билік функциясын толық атқаратын болады

– Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы тұсында қазақстандық БАҚ туралы, оның саны мен сапасы жөнінде не айтар едіңіз?

– Қазақстандық БАҚ-тың өсіпөркендеп келе жатқанына менің күмәнім жоқ. Тәуелсіздік алған жылы Қазақстанда тіркелген БАҚ-тың саны 600-дің шамасында еді. Содан бері, тіпті дағдарыс кезеңінде де олардың саны тек артып отырды. Медиахолдингтер, медиаконцерндер құрылды – қазір мұндай құрылымдардың саны он шақты. Біздің төңіректе мұндай көрініс тек Ресей мен Қазақстаннан ғана байқауға болады. Қазір Қазақстанда тіркеуден өткен сегіз мыңнан астам БАҚ өкілдері бар болса, олардың екі жарым мыңдайы белсенді жұмыс жасайды. Тіркелген БАҚ-тың 83 пайызы – жекеменшік. Сонымен қатар журналистерге қатысты ұйымдар да көбейіп жатыр. Журналистер одағы, Журналистер академиясы, Журналистер конгресі, Медианет, Интерньюс, «Әділ сөз» сияқты он шақты мекеме бар – бұл жақсы көрсеткіш. Еуразиялық медиафорум да қазақстандық БАҚ-тың беделіне оңтайлы әсер етіп жатқан жоба. ТМД аумағында мұндай жоба жоқ.

– Қазақстандық БАҚ-тың бәсе¬келік жолмен қаржыландырылуы, тех-никалық жабдықталуы жөнінде не айтар едіңіз?

– Қазақстандық БАҚ Тәуелсіздік жылдарынан бері үш кезеңнен өтті. Алғашқысы 1991-1994 жылдардағы кезең болатын. Бұл кезде еліміздегі барлық салалар сияқты БАҚ та дағдарысты бастан өткерді. Одан кейін нарықтық жүйеге бейімделу кезеңі болды. Енді, міне, қазақстандық БАҚ либералды кезеңге жетті. Яғни бұдан былай бәсекелік жолмен дамиды. Жалпы, қазір Қазақстандағы БАҚ-тың жағдайы айналамыздағы көрші елдердің қай-қайсысына қарағанда жақсы. Ол, негізінен, елдің экономикалық жағдайымен, мемлекеттің БАҚ-тарға қамқорлығымен байланысты. Мәселен, көршілес елдерде БАҚ-тардың мемлекеттік тапсырыстармен жұмыс жасауы өте сирек кездеседі. Бұл жағдай ақпарат құралдарына қаржылай көмек болады. Әрине, оған барлық БАҚ өкілдері еніп жатқан жоқ. Дегенмен айтарлықтай қолдау болды. Ұйғыр, неміс, поляк, өзбек, кәріс тағы басқа тілдерде жарық көріп жатқан газеттерге мемлекеттік дотация бар. Еліміздегі басылымдардың арасында 16 тілде газет шығады. Екіншіден, Қазақстанда БАҚ-қа қатысты ашық цензура жоқ. Кез келген мәселені салмақтау үшін оны салыстырып қарайсың ғой. Қазақстандық телевидениенің жағдайын ТМД елдерімен, көрші елдермен салыстырар болсақ, көңіл толарлықтай құбылыстарды байқаймыз. Бізде спутниктік топтама пайда болды. Болашақта цифрлық жүйеге көшуге толық мүмкіндік бар.

– Еліміздің «БАҚ туралы» Заңының тари¬хы қалай дамып жатыр? Бір емес, бірнеше өзгертулер мен толықтыруларды басынан өткерген заң сіздіңше дұрыс бағытта жетіліп жатыр ма?

– Иә, «БАҚ туралы» Заңға әркез толықтырулар енгізіліп жатыр. Соңғысында, 2009 жылы заңға интернет мәселесін енгіздік. Және бұл соңғысы емес, мұндай толықтырулар әлі де жалғаса береді. Қазірдің өзінде теле-радио таратылымы жөніндегі толықтырулар Парламентке ұсынылып қойды. Меніңше, «БАҚ туралы» Заңымыз өз деңгейінде жетіліп жатыр.

– Қазақстандық БАҚ-тардың арасынан қазақтілді баспасөздерді бөліп қарайтын болсақ, оған қандай баға берер едіңіз?

– Газет жөнінде айтар болсақ, ең алдымен, оның таралымы сөз болады. Бұл жағынан келгенде, әрине, қазақ газеттерінің ешбірі орыстілді газеттер секілді жарты миллион тара¬лымға жете алмай отыр. Бірақ оның себебі көп. Меніңше, болашақта қазақ газеттерінің таралымы өседі.

– «Қазақтілді БАҚ ұлттық тақырыптар мен тіл тақырыбынан ары аса алмайды» деген сын-пікір көп айтылады. Қазір бұл жағдай өзгерді ме?

– Жалпы, бұл сынның өзін толыққанды дұрыс айтылған деп айта алмаймыз. Дегенмен қазір қазақтілді БАҚ та кез келген тақырыпқа бара береді, әртараптанды. Оның үстіне, қазір көптеген мықты-мықты басылымдар, телеарналар пайда болып жатыр. Газеттердің арасынан осы «Алаш айнасын» ғана қарап отырсақ, кез келген тақы¬рып түбіне дейін талқыланады. Рухани, әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелердің бәрі сауатты тарқатылады. Ал телеарналарды айтар болсақ, қазір толыққанды қазақша арналар пайда болып жатыр. Олардың болашағы зор.

– Қазақстандық БАҚ үшін ендігі 20 жылға қандай болжам айтар едіңіз?

– Меніңше, ендігі 20 жылдан кейін Қазақстандық БАҚ өзінің төртінші билік функциясын толық атқаратын болады. Сапасыз әрі ұсақ газеттердің жойылып кету есебінен сапалы газеттердің таралымы өседі. Бұл олардың сапасының одан ары артуына себеп болады. Қазақтілді телеарналар міндетті түрде өзінің көрермендерін табады. Цифрлық жүйеге жаңадан бейімделіп жатқан қазақтар алдағы жиырма жылда өз арналарын табады.

Сәкен КӨКЕНОВ

Алаш айнасы, 14 Желтоқсан

Бауыржан Әліқожа
Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері. Халықаралық “Шабыт” фестивалінің лауреаты. «Айтұма» жыр жинағының авторы. Серпер сыйлығының лауреаты.

Топырақпен сырласу

Өн бойыңа сіңгендей тылсым дұға,
Түйіріңде қадір бар бір сұңғыла.
Жерге біткен қоп-қоңыр болмысыңмен,
Дүниені көтеріп тұрсың мына.

Қойының - алтын, бітеді гүл де саған,
Жомартсың-ау, болыпсың кімге сарań.
Сан қырыңды жүргенмен зерттеп бәрі,
Тағлымыңды бес күнде білмес адам.

Батырмайсың алалап нала-мұңға,
Құнарысың баланың, дананың да.
Сонша байлық иесі болсаң-дағы,
Бұл ғаламның жатсың-ау табанында.

Құндақтаулы құпия қойнауыңда,
Жетелейсің әр жанды ойлануға.
Тас қаладан қашамын қажып кейде,
Саған аунап жатсам -деп- қойлы ауылда.

Тіл бітірген, таранған тоты баққа,
Өзіңді аңсап құлайды жапырақ та.
Қасиетіңді сезінер, қайран дүние,
Айналғанда бір күні топыраққа.

Қасқа құлын

Желідегі байлаулы қасқа құлын,
Жем емес-ау байқаймын басқа мұңын,
Осқырынып жас құла кісінейді-ау,
Сезіндіріп тұлпардың асқақ үнін.

Салатындай додада бүлік керім,
Қай бәйгіден жазған-ау, үмітті едің? !
... Шапқан сайын сауырың көбіктеніп,
Әлі талай шығады тұнық терің.

Демесем де Құлагер, Тайбурыл ең,
Қосыларсың додаға сай дүбірмен,
Бар болса егер аймүйіз Толыбайлар,
Сәйгүлікті танитын тай күнінен.

Шабандозды түсірмей күйге мұңды,
Көрсетерсің шабыспен түйдек үлгі.
Өрен жүйрік боларсың желқанатты,
Бұрып ала қойдың-ау бүйрегімді...

* * *

Жаз да өтеді, ертең-ақ күз келеді,-
Қайтқан құстың мұңдантып тізбе легі.
Кең өмірдің ішінен таппағанда,
Өлеңімнің ішінен ізде мені.

Сонда көңлің толады қайта нұрға,
Онда небір сезімдер шайқалуда.
Ыждаһатпен түсе алсаң әрбір жолы,…
Жүрегіме бастайды байқадың ба?

Екеумізді ынтызар ете білген,
Тағдырыма мың шүкір етемін мен.
Бір кездері ол жерде сен бар едің,
Алыс кеттің қалайша мекеніңнен?!

Үзілсе үміт білмеймін жалғана ма,
Иек артып келемін таңға дара.
Қалды онда сатпайтын жалғыз досым,
Мені жақсы көретін Алла ғана!

Бұтақтары көнілдің жайқалып әр,
Салтанатын кез келді қайта құрар.
Жүрегімнің алшан бас көшесінде,
Жақсы көрген жандарға жай табылар.

Қонысыңа жайғасқын құтты, міне,
Терең бойлап барғайсың нық түбіне.
Енді бүгін бос қойма тұрағыңды,
Кел, құлыным, ене ғой түкпіріне!

Қоштасу

Жайсаң ару, неліктен кесірлендің,
Қалдың жалғыз мұңымен жесір желдің.
Гүл егілген көңілің солған шығар,
Жүрегімнен бейнеңді өшірген күн.

Болмай жатып шаттықтың татып дәмін,
Неге ертерек үзілді бақытты әнің?!
Бал-бұл жанған бал күндер жоғалғандай,…
Енді орнына қоймайды уақыт бәрін.

Бұрынғы ыстық от сезім суынғандай,
Себебі бар демессің мұның қандай?!
Өмірімнен өзіңді артық көріп,
Кеудемдегі сүйіп ем шыбын жандай.

Кірпігіңе ілінді бір шық бүгін,
Өзегімде булыға тұншықты мұң.
Балта шапты сезімге қыңырлығың,-
Бәлкім менің бірбеткей қырсықтығым.

Өткен күнге өткінші, өкінбеспін,
Қалмас мәңгі ызғардың өтінде ешкім.
Көңіл-емен морт сынып құлазыдық,
Деміменен тыныстап жетім кештің...

Жалқы жүрек мақсатқа жете алар ма?!
Ұлы жолда кірмейді не табанға...
Жанды қосқан сол бақта қоштастық та,
Кете бардық айналып екі адамға...

Қыран мен Қазақ

Үйренбесін деп ұрпағы жасуға,
Тәрбиелеп өткелдерден асуға.
Жұмыртқалап қәрлі қыста қақаған,
Ана-қыран асықпайды басуға.

Осы арқылы төзім сырын ашады,
Тумай тұрып сынақ зәрін шашады.
Тек көктемде аяздарда шытынап,
Жарылмаған жұмыртқасын басады.

Қайтпас рухы жаралғандай алаудан,
Көре аласыз қыранды сан жалаудан.
Ештеңеден қаймықпайды,
Көзі де –
Қаймықпайды күнге тіке қараудан.

Бірге жүріп соңғы демі өшеді,
Бұдан лебі адалдықтың еседі.
Жұптасқан соң,
Қырандар да
Аққудай –
Өле-өлгенше бірге тірлік кешеді.

Тимегенмен әлсіз құсқа, ұсаққа,
Күш аздығы шын өжетті тұсап па?!
Өз аумағын жат жыртқыштан
қорғайтын,
Қыран кейде шабуылдар ұшаққа!

Осы үшін жырланды сан өлеңде,
Дегендейін: «Енді қор боп өлем
бе?!».
Қайрат қайтып, әл біткенде қыран
құс,
Заңғар көктен құлдилайды төменге.

Қырандарша қалықтауды қалаймын,
Көре қалсам, сүйсініп мен
қараймын...
Қыранның көп қасиетін осындай,
Тектілік пен асылдыққа балаймын.

Бұл – өнеге, әрбір келер буынға,
Іске кіріс, белді бекем буын да...
Бірақ біздің қазақ та осал емес-ау,
Қыран құсты бейнелеген туында!..

ЖАС ТАЛАП

Алпамыс ФАЙЗОЛЛА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 3 курс студенті

Алматыға (Көктөбеде туған жыр)

Шалқар шабыт сыйлаған жыр-Алматы,
Жастығымның куәсі гүл-Алматы.
Жырақ жүрсем әрдайым сағынатын,
Маған оттан ыстық қой бұл Алматы.

Анау жерде құрбыммен ән салғанмын,
Анау жерде көркіңе тамсанғанмын.
Достарыммен ұйқысыз түнді өткізіп,
Анау жерде ақ таңды қарсы алғанмын.

Жүрегіме сөнбейтін алау жаққан,
Неге елеңдей беремін анау жаққа?!
Сол арумен соңғы рет кездескенмін,
Махаббаттың мекені анау бақта...

Лапылдаған сөнер ме жастағы арман,
Күтіп тұрса тек ашық аспан алдан.
Анау заңғар шыңдарға қарап тұрып,
Жас кеудемде тұтанған асқақ арман.

Жыр маржанын тереңнен теремін мен,
Шашу шашам халқыма өлеңіммен.
Ей, Алматы! Өзімнің биігіме,
Сен сыйлаған жалынмен келемін мен!

Ажарына сүйсініп алап-қырдың,
Бұл мекенді жұмаққа балап тұрмын.
Көктөбеден ойдағы ару қала –
Алматыға ойлана қарап тұрмын...

Үш жыртқыш

Жауымызды іздемеңіз алыстан,
Сол жауменен бабамыз сан алысқан.
Іргемізде – аю менен айдаһар,
Ал мұхиттың ар жағында – арыстан.

Бірі – арқырап,бірі – жалын
шашады,
Бірі – ақырып, өр мысыңды басады.
Шалыс бассаң жіберердей
қылғытып,
Үшеуі де аранын кең ашады.

Қазақтардың шайқап алтын
қазығын,
Қояр емес қазаққа көр қазуын...
Үшеуі де бізді жемтік көреді,
Үшеуі де ақситады азуын.

Адал антсыз айтылады қай бір ән?!
Елге берген жыр сертімнен
айныман!
Осыны ойлап, көз ілмеймін
түндерде,
Осыны ойлап, елім үшін қайғырам!

Қанға сіңген баба жыры, күйімен,
Ұлтқа қызмет етемін деп түйіп ем.
Анталаған жау тұрғанда,
Елі үшін
Күйінбейтін қазақтарға күйінем!

Шуақпенен жауап беріп ызғарға,
Нұр төгеміз түпсіз терең құздарға...
Дегеніне жете қоймас жау бірақ,
Ел қамын жер жастар барда, біз
барда!

Аға буын, бер біздерге батаңды,
Өзен-көлім, орман-тауым, жотамды:
Білім – қанжар, иманымыз – қалқан
боп,
Үш жыртқышқа алдырмаймыз
Отанды!!!

Оқи отырыңыз!

Мұқағали Мақатаев

Махаббат па?..
Махаббат па?
Махаббат болған еді.
Таудың мен еркін жүрген тағысы
едім,
Тапты да,түсірді ғой торға мені.
Махаббат па?
Махаббат болған менде.
Жиі барғам аққулар қонған
көлге,
Ал қазір тоңған жүрек,солған
кеуде.
Ғашықтық па?
Ғашық та бола білгем.
Бір-ақ жанға ғашықпын бала
күннен,
Жанымменен
сүйемін,жанарыммен.

Сағыныш па?
Қалай оны тауыса аламын.
Сағынғанмын,шөлдегем,
Ақыры
шаршағаным,шаршағаным.

Сүйгенім бе?
Сүйгенім өмірде емес.
Ұйықтасам, түнде түсім, көңілде
елес,
Өлгенше кетер емес көңілден
еш...

Қадыр Мырза Әли

Мың жұлдызы бар болса да...

Мың жұлдызы болса да,
байқамайсың басқаны,
Бір жұлдыздан тұрады, махаббаттың
аспаны.
Сол бір жұлдыз жанады, сол
аспанды жарық қып,
Жарықта да түк көрмес ғашық
болған жарықтық!
Сол жұлдызсыз белгілі, оның естен
танары,
Маңдайда емес, жүректе -
Ғашықтардың жанары.
Сол жүрекпен қараймын, сол
жұлдызға сүзіліп,
Шаңырраққа ілінді ол, көк аспаннан
үзіліп.
Мың жұлдызы болса да,
байқамайсың басқаны,
Бір жұлдыздан тұрады шаңырақтың
аспаны!

Исраил Сапарбай

Аяймын махаббатты жетім қалған
Өкінбеймін біреуді өпсең де өліп,
Өкінбеймін біреуге кетсең де еріп.
Жазмыштың маған жазған
пендесіне
Мен-дағы кезігермін көп сенделіп.
Мұң ба екен,
Мұның бәрі уайым ба екен?!
Бүгінде ойым бөтен, жайым
бөтен.
Қойнына қона алмаған қос аққуға
Қол бұлғап қала берер – қайың
мекен…
Жабықпа,
жарылқасын бетіңді алдан.
Өткен күн өшкен, көшкен секілді
арман…
Болар-ау бәрі де ұмыт,
Амалым не,
Аяймын махаббатты жетім
қалған.

Өнерде өзіндік қолтаңбасы бар жас өрен

Белгілі жас әнші Ернар Айдармен сәті түскен сұхбат

- Жақын күндері Ташкент қаласында жеке ән кешіңізді беріп келдіңіз. Әңгіменің барысын осыдан бастасақ.
- Иә, Ташкент қаласындағы Түркістан жазғы алаңында жеке концертімді беріп келдім. Құдайға шүкір, ойдағыдай жақсы өтті. Ол жақтағы қандастарым, бауырларыммен кездесіп, көтеріңкі көңіл-күймен қайттық. Сондай-ақ, Науаи облысы, Нөкіс облыстарынан шақырту алдым. Әзірше ол аймақтарға баруым анық емес. Себебі, Өзбекстанда лицензия алу мәселесі қиын екен. Осы қиындықтар шешілгеннен кейін ғана барып қайтуға болады.

- Қара жұмыс жасап жүрген ауыл баласы шоу-бизнеске қалай топ ете қалды?
- Топ ете қалғаным жоқ. Жұмыс жасап жүрген сәтімнен бастап әнші болуды армандайтынмын. Картонды орап-орап одан микрафон жасап, өзімше ән салатынмын. Сол кездегі арманым күш-қуат беріп, қаржы жинап, әншілік жолға түсуіме себеп болды.

- Елімізде әншілер мен топтар баршылық. Ернардың ерекшелігі қандай?
-Менің ерекшелігімді тыңдармандарым өзі білмесе, мен осындаймын деп айта алмаймын. Ол уақыттың еншісінде. Бәріміз де адамбыз, бір микрафонды ұстап шығамыз. Бір сахнада жүреміз. Барлығы бір. Бірақ, ол ерекшілікті тыңдарман өзі байқап, өздері бағасын береді.

- Өнер айдынына ерте енуіңіз серілік дәуірді ерте бастатып жіберген жоқ па?
- Жоқ. Керісінше, бұдан да ертерек келуім керек еді деген ой болады. Оған жағдай байланысты болып қалды. Әлі де бұл бастамасы. Өнер жолына келуімнің маған үлкен пайдасы тиді. Өмірімде көптеген өзгерістер орын алды. Сөйлеу жағы да, ән айтуым да барлығы жаңжақты өзгере бастады.

- Үлкен өнерге қай жылы келдіңіз?
- Тыңдармандарға 2012 жылы таныдым. Негізі 2010-2011 жылдары Алматыда жұмыс жасай бастадым. Әртүрлі студияларда ән жаздыртып, шығармашылық жолымды шыңдауға кірістім.

- Қалың көпшілікке ең алғаш «Жарығым-ай» әнімен таныдыңыз. Осы әніңіз туралы айта отырсаңыз
- «Жарығым-ай» әні 2012 жылы Б.Есебаев ағамыздың әні мен сөзіне жазылды. Ол ән маған алғашында ұнамады. Шындығына келгенде, ол кезде көп нәрсені білмедік, талғам әлсіз болды. Әнді дұрыс таңдай білмедім. Сол себепті де бұл ән 3-4 ай жатып қалды. Тыңдай беру арқылы әннің мағынасын түсіндім, тек содан кейін ғана жарыққа шығардым.

- Репертуарыңыздағы әндеріңізге келетін болсақ, иірімдері бір-бірінде өте ұқсайды. Бұл жөнінде не айта аласыз?
- Енді ұқсастық болады ғой. Себебі, ол иірімдер – менің бойымдағы иірімдер. Әр әнге қосамын. Жүрек бір. Тек қана әуен басқа. Бәрібір де аздаған сәйкестік кездеседі. Бір адам орындағаннан болар…

- Ән қоржыныңыз жауапсыз махаббат төңірегінде. Бір сарында бара жатырмын деген ой мазаламайды ма?
- Аллаға шүкір менің өнерімді бағалап отыратын Б.Есебаев, Қ.Құрманбаев сынды ағаларым бар. Әндерімді де, сөздерімді де сол кісілер тексеріп отырады. Өзімнің репертурым өзіме ұнайды. Құдай қаласа әрі қарай ән қоржынымды Отан, ауыл жайлы өзге де тақырыптардағы әндермен толықтыру жоспарда бар.

- Бір жылда 300-ден астам жеке ән кешіңізді беріп үлгердіңіз. Бұл халықтың сұранысы ма әлде кезекті өзіңізді жарнамалаудың бір түрі ме?
- Менің бір жылдың ішінде 300-ден астам концерт берген себебім, халықтың сұранысы. Сенесіз бе, әр әнші кез-келген облысқа өзінің тыңдармандары үшін барады. Бір жағынан сұраныс та азая қоймайды. Ішіңізді жей бастайды. Құр босқа жатқаннан тыңдармандарыма барып, сусындатып өнеріммен бөлісіп қайтқан дұрыс деп ойлаймын. Көктемде концертімді қойып едім, содан күзде бірақ келдім. Сөйтіп, өзім қанша концерт бергенімді де ұмытып қалдым. Әл қазір де концерт беруге кетіп бара жатырмын.

- Биылғы жылы Алматы және Астана қаласында жеке есеп беру кешіңізді бердіңіз. Бұл концертіңіздің жауапкершілігі өзге кештерден басым болғаны белгілі. Қаншалықты нәтижелі болды?
- Әрине, нәтижелі болды. Халық Ернар Айдардың көбінде әндерін біліп жатқанымен, кескін-келбетін танымай жатады. Алматы және Астана қалаларында концерт бергеннен кейін халық мені тұр жағынан көбірек тани бастады. Аллаға шүкір жеке ән кештерін ойдағыдай жақсы өтті. Осыдан кейін де шеттегі елді мекендерден шақырту түсіп жатыр. Оның бәрі сенің еңбек етуіңе тікелей байланысты. Бәрі де «ерте емес пе?»- деген пікірлерін білдіріп жатты. Мен өзімді батыр санағандықтан емес, жемісті жұмыс жасағым келгендіктен ән кештерімді бердім. Осы уақытқа дейін жазылған әндердің қайда кетіп жатқанын білу керек болды. «Тыңдарман тыңдап жатыр ма?», - деген сұрақтар мазалады. Концертімді беріп, оны телеарналардан көрермен назарына ұсындық. Оның барлығы да осы әндерді мен, Ернар Айдар орындаймын деп халыққа бір көрінуді мақсат еткендіктен ұйымдастырылған болатын. Енді оның жемісі концертен-концерттерге ұласуда.

- Сіз туралы айтылған әңгімеге қаншалықты мән бересіз?
- Аса көп мән беруге де, мән бермей қоюға да болмайды. Себебі, ол сенің ізденісіне байланысты. Мен жайында ел не айтып жатыр деген оймен сынға да, мен жайлы айтылған орынды әңгімелерге де мән беруге тырысамын. Қандай әңгіме айтылса да тыңдаймын, бірақ керегін аламын.

- Сізге ән қоржыныңыздағы әндердің саны маңызды ма, сапасы ма?!
- Егер әнімнің сапасы болмаса, арзанқол әнші, тіптен әнші де болмайтын едім. Б.Есебаев, Ш.Сүлейменов, Ж.Дәулет, Р.Зайытов сынды ағаларымыз яғни, белді-белді ақын-композиторлармен жұмыс жасаймыз. Олардың бәрі маған сапалы дүние береді. Сапалы дүниеге қол жеткізу үшін мен ешнәрсені де аямаймын. Керек болса ақшасын да беремін. Оның бәрі менің емес, қазақ халқының абыройы. Менің әрбір шыққан әндерім жастарға тәрбие берсе екен деген ой болады. Мысалға, ұстазым Б.Есебаевтың «Ата-анаңды сыйла» атты әні жарыққа шықты. Жақында «Қарттар үйі» деген ән шығардым. Ең өзекті тақырыптарға ән жазуға тырысамын. Жүректен шыққан ән, жүрекке жетеді. Бәлкім, Ернар Айдар болып танылуым осыдан болар.

- «Жарай ма?» атты әңізде «Жігітім бар деді ол, әрі ойна...» атты жолдар бар. Жеңіл сөздер емес пе?
- Бұл әннің авторы Дулат Құйқас. Мен бір сарында ән айтпау үшін әртүрлі жанрда яғни, тапшы жанрларда орындаймын. Рок стилінде де әндерім бар. «Ата-ана», «Ауылға сағыныш», «Қайран жеңгем» тағы да махаббат, махаббаттың да әртүрлі тақырыптары бар. Сағыныш, ұмыту, қайғыру, қызғану секілді. Сіз айтып отырған сөз махаббаттың қалжың сөздері. Ол Б.Есебаев ағамыздың тексеруінен өткен сөздер. Қалжың, қылжақбас сөздер болады ғой, бір қызға сөз салып едім, ол маған қарамады деген әңгімені осы жолдар арқылы жеткізген болатынбыз. Ән көңілді болғандықтан, қалжың сөздермен жазып, Бауыржан ағамызға көрсетіп едік, құптады. Бұл сөздер солай болуы керек болды. Көтеріңкі көңіл-күймен жазылған ән болатын. Бұл әнді орындау барысында «әрі ойна» деген жерін әртүрлі қылықтарыммен көрсетемін. Оған халық риза болып, күледі. Бір-бірімен жарасып тұрады. Әр нәрсе өз орнымен.

- Шәкәрім бабамыз айтқандай, «ән – өлшеусіз, өлең күміс». Не нәрсенің болмасын, мөлшерден тыс, көп немесе аз болуы ақаулыққа әкелетіні сөзсіз. Осы тұрғыда әндеріңіздің мәтіні туралы не айта аласыз?
- Әндерімнің мәтіні жақсы. Бұл тұрғыдан ешқандай сын естімеппін. Себебі, менің әндерімнің мәтінін белгілі ақын ағаларымыз жазады. Әндерімнің мәтіні туралы жақсы көзқарастамын. Өзіме де, тыңдармандарыма да ұнайды.

- Бейнебаяндарыңыздың бір-бірінен қандай ерекшелігі бар. Осыған тоқталып өтсеңіз?
- Көбінде бейнебаяндарымды табиғат аясында түсіремін. Алты бейнебаяным бар. Алтыншысы Б.Есебаевтың сөзі мен әніне жазылған «Сағаң қарай» әні болды. «Ақтамақ» әні жазғы маусымда арпа-бидайдың арасында «Сағаң қарай» көктем мезгілінде түсірілді. Әр түрлі жанрда. Аса ерекшелік бар деп айта алмаймын. Ең бастысы – әннің мағынасына қарай болады.

- Негізгі мақсатыңыз қандай аудиторияның әншісі болу?
- Негізгі мақсатым – аудиторияны бөліп жармай, қазақ халқының әншісі болу! Қазақ деген ұлттың өнерін өшірмеу. Егер мүмкіндік болса, әлемге таныту. Қазақ деп жүрек соққаннан кейін, қазаққа қызмет ету.

- Өз ортаңызда лайықты бағаланудамын деп ойлайсыз ба?
- Лайықты бағаланудамын деп ойлаймын. Себебі, мен өзімді-өзім сыйлай білемін. Ал өзін бағалап, сыйлаған адам өзгені де сыйлатып, бағалатады.

- Шығармашылығыңызда қандай өзгерістер бар?
- Шығармашылықтағы өзгерістерге келсек, аса бір жаңалықтар орын алып жатқан жоқ. Оған жиі-жиі концерттер беруім себеп болуда. Жаңа бейнебаяндар түсірудемеміз. Соның арасында ізденістер жасап жатырмыз. Құдай қаласа жаңалықтарды уақытында көре жатарсыздар. Халыққа нәтижелі іс ұсынған дұрыс болар.

- Тыңдармандарыңыз бірде Қайратқа, бірде Еркінге, бірде Төреғалиға ұқсатып жатады. Бұл жөнінде сіздің көзқарасыңыз?
- Білмедім енді... Төреғалиға неғып ұқсатты екен?! Барлығымыз да қазақтың әншісіміз. Қазақ деген бауыр, қазақ деген ән, қазақ деген әнші. Бір ауаны жұтап жатырмыз. Барлығында ұқсастық болады.

- Ұқсастық болатыны анық қой, жеке стиль, имидж деген мәселе бар. Сізді Қайраттың көшірмесі деп те жатады. Осыны нақтылап өтсеңіз.
- Төреғалиға ұқсату жөнінде естімеппін. Еркін мен Қайратқа ұқсайсың дегенді өзіме де айтқан болатын. Егер ол кісілерге ұқсатып жатса қуанамын. Әндердің қаймағын бұзбай орындайтын әншілер ғой. Сондай жұлдыздар, танымал адамдарға ұқсатып жатса әрине, мен қуанамын. Сол кісілердің жолын берсін! Онда тұрған ешқандай қауіп көргенім жоқ. Негізгі, өзекті тақырып қылсақ та болмас. Кез-келген адам еліктейді, тыңдап өседі. Сол себепті де адам-адамға ұқсайды. Бірақ, Ернар қазақ өнерінде өзінің қолтаңбасын қалдырғысы келеді.

- Кино түсіру я болмаса басты рөлдің бірін сомдайтын актер болсам деген жоспарыңызда бар ма?
- Әзірше ондай ойым жоқ. Жеке әндер жаздыру керек дегендей... Кино жағынан келер болсақ, кино түсіру ойда бар. Ол жағын Б.Есебаев ағамыз қолына алған. Алла қаласа кино түсіріліп жатқан жағдайда назарларыңызға ұсынармыз...

- Өмірлік тәжірбиеде кімге арқа сүйейсіз?
- Ең бірінші тек Алла, сосын ата-анам, ағаларым, бауырларым, туыстарым, жора-жолдастарым барлығына арқа сүйеймін. Арқа сүйейтін адамдарым көп.

- «Ақылды – қу, қу – ақылды болады» дегенді қалай түсінесіз?
- Заманына сай айтылған мақал. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дейді ғой. Керек жерінде ақылды жан қу болмаса болмас. Қу керек жерінде ақылды да бола білуі тиіс деп ойлаймын. Бізде шынайы халықпен кездесу көп болмайды. Концерттен кейін бір жағдайлармен бірден кетіп қаламын. Жалпы бұл өмірде ең басты өзіңнің адамгершілігіңді ұмытпау керек.

- Ернардың аздап ақындық өнері бар, әніңізге сөз жазуыңыз мүмкін бе?
- Өздігімше жазып жүремін. Бірақ, әндеріме сөз жазбаймын, ондай ойым да жоқ. Тәжірибемді арттырып, әншілігімді шыңдап, ел білмейтін қырларымды көрсету мақсатында талай жұмыстар атқаруым керек.

- Отбасыңыз туралы толығырақ айтып өтсеңіз...
- Туып өскен жерім Өзбекстан Республикасы, Науаи облысы, Соркөл ауылы. 2005 жылы Тараз қаласына көшіп келдім. №33 М.Әуезов атындағы орта мектептің түлегімін. Әкемнің есімі - Жаңабай. Анамның есімі - Күлмән. Берік, Бейбіт, Талғат есімді үш ағам, Жазира есімді қарындасым бар. Қазіргі таңда ағам Талғат менің продюссерім.

- Ернардың өнер баспалдағына көтерілуіне Алматы қаласынан екі бөлмелі екі пәтердің қаражаты кетіпті деген сөз бар. Бұл сөз қаншалықты рас?
- Халық не айтпайды. Халықтың аузына қақпақ бола алмаймыз. Қомақты қаржы жұмсамай, ешқандай істе нәтижеге жете алмайтындығымыз бесенеден белгілі жәйт. Менің көтерілуіме қаншама уақыт, ой, еңбек, қаражат та жұмсалды. Қаржы жағын нақты айта алмаймын. Оны продюссерім біледі.

- Оқырмандарға айтар тілегіңіз?
- Оқырмандарға айтарым өздерінен-өздері қауөсек шығармаса екен деймін. Мен де қазақтың қарапайым баласымын. Өнердегі ағаларымның бәрін сыйлаймын. Халқымыз бақытты, аман болсын! Ән тыңдасын. Сіздер сұхбат алудан жалықпаңыздар, біздер сұхбат беруден жалықпайық. Қазақстанның шоу-бизнесінде қазақ әншілерінің рейтингін көтеру ол – БАҚ-ның жұмысы. Тек қана жамандығымызда ғана емес, жақсылығымызда да бірге болыңыздар. Қазақ әншілерімен бауыр болыңыздар.

Сұхбаттасқан:
Ақтолқын ТАЖИКОВА,
Сымбат КАРЛ
4-курс студенттері

Менің Қазақстаным!

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: ”Отан” деп сыбырлаған
Жаным менің,
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған.

М. Мақатаев

Мен бақытты жанмын! Себебі, менің Отаным тәуелсіз Қазақстан. Ата-бабамыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған дарқан далада қазақ деген қайсар халықтың отбасында дүниеге келудің өзі неткен ғанибет. Қазақстаным! Бұл – жігерлендіріп, жүректі баурайтын, жайбарақат айтуға келмейтін аса әсерлі сөздер. Өзінде кіндік қаным тамғаннан бастап, балалық шағымның қызықты да қуанышты сәттерге толы өтуіне қарап, еліміздің өткені мен бүгінін бағалап, ел еңсесін түсірмей туған елдің берекесін сақтап болашақ ұрпақтың біз секілді бақытты өмір сүруіне мүмкіндік жасайтын, намысты азаматтар көп болса деймін. Сол себепті, менің Қазақстаным деп ашық, анық айта алатындай, ел мүддесін қорғап, мәселе-туған елге келгенде ішкен асын жерге қоятын патриот азамат болатындай тәрбие алғаныма және мықты отаншыл тұлға ретінде қалыптасатыныма сенімдімін.

Ата-бабаларымыз көптеген шайқаста өз өмірлерін қауіпке тігіп, осындай киелі жер келер ұрпаққа аманат деп қасық қаны қалғанша шайқасып, қорғай білген. Ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаев: «Мен жастарға сенемін» деп айтқанындай, ілім мен білімге құштар, көзі ашық бүгінгі жастар ел бірлігі мен бейбітшілігін сақтап, жаңа белестерді мойымай бағындыра біліп, ел мүддесін ақтайтынына сенімдімін. Елбасы бір сөзінде: «Бостандықты бағалаудан, азаттықты ардақтаудан, Тәуелсіздікті тәу етуден артық ешбір бақыт жоқ. Тәуелсіздік – тәуекел еткеннің ғана тағдырына бұйыратын бақыт.

Егемендік алу оңай емес. Ал еңсесін тіктеген ел болу одан да қиын», - деген еді. Қазақ жұрты көп қиыншылықты бастан өткізді. Бірақ бабаларымыз бәріне төзді, ол сыннан сүрінбей өтті. Әр қазақ, тарихын білсе деймін. Тек сол кезде ғана Қазақстанның әр азаматы бабаларының батылдығы мен көрегендігін бағалап, бүгінгі күні арыстарымызды ардақтап, өркениетті ел болып қалыптасуымызда аянбай еңбек етіп, тәуелсіздіктің іргетасын биіктетеді.

Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдерін қанатының астына алып, туған шаңырағына айналып тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім-біздің басты құндылығымыз. Сол бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясы нәтижелі жұмыс жасап жатыр. Заман талабына сай мектептер, бала-бақшалар, ауруханалар салына бастады. Халықтың әл ауқаты көтеріліп, дені сау, білімге құштар жас буынның қалыптасуында орасан зор жұмыстар жасалуда. Ұлттық экономика жоспарлы түрде әртараптануда. «Қазақстан-2030» стратегиясы қабылданғаннан бері әлемдегі ең серпінді дамушы елдер бестігіне кірдік. Бұл стратегияда көрсетілген жеті бағыттың барлығы да халық игілігі үшін қызмет етуде. Туған елде көптеген оң өзгерістер болып жатыр. Соның бірі Астанадағы ЕХРО-2017 көрмесі ТМД елдері мен Орталық Азия аумағындағы өткізілетін ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге айналуы мүмкін. Дүниежүзілік көрме өзінің ауқымы, саяси және экономикалық мәнділігі бойынша теңдесіз болып табылады.

Тәуелсіздігімізді алғаннан бері Қазақстанды әлем таныды. Негізгі әлемдік ұйымдарда белді мүше – мемлекетке айналды. Есілдің жағасында орналасқан елордамыз Астана қаласы бойтұмарымыз бен мақтанышымызға айналып серпінді дамуда. Астана символы – «Бәйтерек», «Хан шатыры», «Тәуелсіздік сарайы» және «Нұр-Астана» мешіті қала келбетін көркейтіп көзіңді жаулап алатындай. Еуразияның жүрегі. ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағы беріліп, медальмен марапатталды. Бұл атақ қысқа мерзім ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда неғұрлым әсерлі әрі қуатты өсуге, тұрақты этникааралық қатынасты орнықтыруға қол жеткізе алған ғаламшардың жас қалаларына беріледі. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауын жолдады. Негізгі мазмұнында Қалыптасқақ Қазақстан – мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық келісіміміздің, өңірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделіміздің дағдарыста сыналатынын және басты мақсат – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру екенін ашып көрсетті.

Тағдырдың тезіне, тозақтың өзіне қарамай елдің әлем мойындайтындай жоғары деңгейге көтерілуі қазақ деген мың өліп, мың тірілген халықтың мәңгі жасайтындығының айғағы. Әр халықтың өмірдегі орнының өзі туған еліне, ана тіліне, салт-дәстүріне деген ілтипатымен ұштасып жатады. Шешендер мен көсемдер туған, әділ билер мен даналар өмір сүрген, көптеген көшбасшыларды туған, қазақ халқының ертеңін ойлар азамат болуды армандаймын.

Лүпілдеген жүрегім әрдайым бір сен деп соғады.

Ажар СЕЙДАЗЫМОВА,
ҚазҰУ-дың І-курс студенті

«Заңның» назарында «БАҚ туралы» Заң

Журналистика біз үшін де, өзге үшін де әлі кісі бойлай қоймаған құпия әлем. Журналистиканы жалпақ тілмен түсіндіруге де болады, алайда, оның қыры мен сырын, ағы мен қарасын ажыратып айтып берер адам жоқ. Өз алдына «мемлекеттік мамандық» деп қаралмаса да, әлеумет «жегені жантақ, арқалағаны алтын» деп ат берген, елбасы «төртінші билік» деп атақ берген осы тұлғалар сферасы қаншалықты шынайы, қаншалықты қызыққа толы деп ойлайсыз?!

Журналистика өзінің шеңберінен шығып, халыққа қызмет қылмаған күні өз мәртебесінен айырылады. Ал, оған дейін ондағы статус жасампаздығымен ерекше. Күн сайын көк экраннан көрініп, сарғыш басылымда жазылып, радио мен телефоныңыздан құлаққа жетіп жатқан сан ақпарат осы мамандардың жүрегінің дүрсілімен жасалған, бір минутта жүрек алпыс рет соқса, бір минутта журналист алты құрлықтың жаңалығын сізге жеткізсем деп жанталасады.

Бүгінгі таңда жоғарыда айтып өткендей «мемлекеттік айдар тағылмаған» халық өкілдерінің ауызға алына бермейтін заңы бар. Қорғаны биік, қауырсын қаламы қарымды журналистер заң алдында кейде қауқарынан айырылып қалатындай.

Өзгені айтпағанда, жыл сайын журналистердің түрлі оқиғаға ұшырап, не халық пен тілшілердің арасында дау тууына да себепкер заңның кейбір шалалығынан болар.

БАҚ туралы заңның айналасында айтылар әңгіме көп. Бұл заң журналистік зерттеу мен журналистердің өзге де құқықтарын бұзып жатқандығы жайлы көптеген ақпарат бар. «Әділ сөз» баспасөз қорғау ұйымының президенті Тамара Калеева БАҚ туралы заң жөнінде ойын былайша түйіндейді: «Журналистік зерттеулерге келсек, қаламақы мен еңбекақыдан бөлек әр журналист танымал болуды, атақ-даңқты армандайды. Бірақ мен мәселе барлық басылымдардың әлдебір меншік иелеріне тиесілі болғанында деп есептемеймін – бұл бүкіләлемдік беталыс. Бізде журналистік зерттеулер жүргізуге болмайды, өйткені осыны істеуге батылы жеткен кез-келген журналист дағды бойынша дерлік қылмыстық құдалауға ұшырайды, оны бостандықтан айырумен қорқытып, жазалайды.»

Қоғамдық саяси құқықтық «Заң» газетін ақтара отырып, БАҚ туралы заңның кездесер жерін көп қарадық. Негативті жаңалықты жаны сүйетін қоғамға айналғалы, газет басылымдары да қылмысты көп жазғанды ұнатады. Себебі, қатыгездік жайлы мақаланы оқу рейтингісі жоғары болатыны мәлім. Интернетте де өзіңіз білетіндей, соғыс ардагері мен өліп жатқан адам мәйітін қатар қойсаңыз екіншісі ең көп «лайк» жинайды. Сол қажетті «дүниені» әркім өзі үшін пайдаланып жатыр. Рас, «Заң» газетінің арғы-бергі беттерінің барлығында қылмыс туралы заң, сыбайлас жемқорлық, зорлық-зомбылық туралы түрлі ақпарат көресіз.

Журналистер туралы іздесіңіз, Қазақ Ұлттық университетінде өткен бірді-екілі жиын туралы оқып та қаласыз. Ал, нақты БАҚ туралы заңның әлеуетін айқындап, болмысын танытқан мақаланы көрмедім.

Мына бір мақалаға назар аударып көрелік. «2011 жылдың аяғында қабылданған «Теле-радио хабарларын тарату туралы» заңға журналистер өз наразылығын білдірді. Ол заң бойынша еліміз 2015 жылға дейін толық сандық форматтық хабар таратуға көшетінін тілге тиек еткен» (11 қаңтар, 2012. №23(2011). Мақала авторы Шолпан Қараева БАҚ туралы заң нақты айтылмаса да журналистерге қатысты қабылданған заң туралы жалпы шолу жасалған. Еркін ақпарат айдынын қалыптастырып жатқан Қазақстан үшін сандық форматқа көшу әлемдік ақпарат ағынынан қалып қоймаудың басты құралы. Қарсылық танытқанмен, кері қайтар жол жоқ.

Сонымен бірге, отандық журналистерге қатысты ортақ мәселелерді талқылау, сараптау, шешімін табу да «Заң» газетінің бетінде кездеседі. Ол жерден журналистиканың қара шаңырағында жүрген ұлағатты ұстаздар мен жалпы журналистика биігін бағындырған тұлғалар пікірін қарап шыға аласыз. Сонымен бірге төменде аты аталған мақалада БАҚ туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, журналистерге мемлекеттік айып мөлшерін азайту керек деген мәселе көтеріліпті (Шолпан Рақымқызы 28 наурыз, 2013. № 45 (2246).

Журналистердің әлеуметтік мәртебесін анықтайтын заң қажет пе?! (28 маусым, 2013, 95 (2296). Бұл мақалада қаралған журналистердің әлеуметтік статусын қалыптастыру мәселесі бұрыннан қозғалып келе жатқаны рас. Ол бүгін пайда болған жоқ, журналистердің әлеуметтік мәртебесін сұрап жүргендер көп-ақ. Кезінде журналистер ішер ас, киер киімге жарымай жүр деп талай журналистер тілге тиік етіп кеткен еді. Одан бері де өзгерген дүние кемде-кем. «Баяғы жартас бір жартас, бірақ бүгін сол жартас жамбасқа қатты батып бара жатқандай». Әлеуетті экономикаға жұтылып бара жатқанымыз бір мәселе, қаржылық-финанстық жағдайымыз нашарлап кететіні рас. Дегенмен де, профессор Кәкен Қамзин айтпақшы: «Мейлі, қаржы-финастың аяғы аспаннын келсін, бірақ журналистер баяғы қызметінен қайтқан емес».

Көгілдір экран әлемді жаулағалы ғасыр уақыт өтті. Алғаш теледидарлар пайда болғанда-ақ адамзат үшін жаңа «шу шөбінің» сорты өсіріліп жатқан еді. Осы нәрсені оңай сүйіп те қаласың, оның әлеміне еріксіз кіріп, тұңғиығына жұтылып кету қиын емес. Үйіміздің төріне жайғасқан құрметті қонақты қуып шығара алмаспыз, жіпсіз байлаулы күйдеміз. Пайдасыз деп жатқан ешкім жоқ, ол болмаса жаһанда не болып жатқанын екі көз қайдан көрсін, десе де жастар көрмейтін қылмыстың, зобалаңның, қорқыныш пен жиіркеніштің сан түрін санаға сіңіріп жатыр. Кезінде анайы дүние көрсең болды, бетін басып, басқа бөлмеге қашатын жастар қазір ата-анасымен қатар отырып, түрлі фильмді тамашалайтын болған. Қазақ мультфильмге жарымай жүр ме, атыс-шабыстың түр-түрін балабақша жасындағы балаларға да көрсетіп жатырмыз. Кеше ғана Қарағандыда орын алған жасөспірімдер арасындағы қылмыстық оқиға жоқтан пайда болған жоқ, ол да өз алдына төрдегі көк атаның көрсетіп жатқан өнегесі десек те болады. Келесі мақалада («Балаларды медианарықтағы зиянды ақпараттан қорғаудың жолы көп» (19 желтоқсан, 2013. №189 (2390) осы мәселе жан жақты қаралып, Алдан Смайыловтың сенат депутаттарына ұсынған заң жобасы туралы айтылады.

Өзім көз жүгірткен мақалалар ішінде ең соңғы хронологиялық сызбада Орынбек Сахидәулетұлының «Телеарналар заңды неге ескермейді» (20 қаңтар, 2014. 26(2420) атты мақаласы жарияланыпты. Үзінді келтіре кетсек: «2011 жылы телеарналарда зорлық зомбылық, қатыгездікті көрсетуге тыйым салатын заң шыққан болатын. Біраақ, мұнымен мәселе шешілген жоқ. Бұдан да жол тапқан телеарналар «14 жасқа толмаған жасөспірімдерге ата анасымен бірге көруге болатын фильм» дейді де, көрсете береді. Ата аналар балаларымен бірге отырып теледидар көрметіні болғалы қай заман немесе «қой, бұл киноны әке шешемізсіз көре алмсайды екенмін деп, әке кел, мына фильмді бірге тамашалайық» деген баланы көрдіңіз бе?!»

Мақаланың көтерген жүгі ауыр, өзіне жаңа бағыт тауып, жаңаша сөйлеуге ұмтылған. Әсіресе, ақпараттық бөлім жұмыстары туралы айтылған жері қатты ұнады. Телеарналардағы ақпараттық бөлім жұмыстарының жүйесіздігін айта отырып, халыққа пайдалы ақпарат беру олардың негізгі міндетінен шығып бара жатқанын ескертеді. Мысалы, бір апта бойына барлық телеарналар М.Сәдуақсованың тойын көрсетті, ақ неке екі адамның ғана бақытты сәті боп қалары хақ, ал халыққа оның барлығын көрсетуге көңіл-көтерушілік бағыттағы бағдарламалардың өздері-ақ жетіп жатыр.

Сонымен бірге еліміздегі телеарналар өнімін елу пайызға көтерсек деген нақты ұсыныс айтады. Ресейде отандық өнімді көрсету мөлшері отыз пайызға көтерілгелі жатыр, ендеше қалың қазақ та бұл дәстүр жолынан жаңылмағаны дұрыс.

Жалпы, «Заң» газеті айына 15 рет жарық көреді екен. Демек, ай сайын шығатын басылымдарға қарағанда 6,6 %, апта сайын шығатын басылымдарға қарағанда 2,7 %-ға артық шығады. Бірақ, оның ішінде кездесетін БАҚ туралы заңға қатысты мақалалар саны газеттің екі жылдық көрсеткішінде он пайызға да жетпейді. Демек, еліміздің заң туралы бетке ұстар газеттердің өзінде де журналистің құқықтық қызметінің айнасы БАҚ туралы заң айтарлықтай көрініс таппайтын сияқты.

БАҚ туралы заң «бағымызды ашпады» деп айқайлай бергенше, өзіміздің баспасөз бетінде еркін насихаттауға үйренсек екен. Өзгені айтпағанда, журналистика факультеті студенттерінің өзі ол заңда қанша бап бар екенін де нақты айтып бере алмайды. Олай болса, қателіктің бастауы журналистер қауымының өзінде жатыр.

Арайлым ӘКІМ,
журналистика факультетінің 4-курс студенті

Заң – тіл мәселесінің кебін киген дүние іспетті. Қоғамда қандай мәселе болмасын заң шеңберінде жүзеге асады және «Мына заң қауқарсыз», «Мынадай заң қажет» деп жарияға жар салатындар да жетерлік... Әділеттіліктіліктің өзі заңмен астасып жатыр емес пе?! Заңның пәрменділігі туралы Цицерон: «Сот – сөйлейтін заң, ал, заң – әлсіз сот» десе, АҚШ жоғарғы сотының судьясы болған Вильям Дж. Бренан: « Баспасөзге сот қажет. Өз кезегінде сотқа да баспасөз қажет, оның арқасында соттың ұлтқа деген ішкі көзқарасы қалыптасады, сонымен қатар, соттың шешімі тек қана жазалаудан емес, тәрбиелеу мен үлгі ету мақсатын да көздейді, ал, бұл мәселені баспасөздің көмегінсіз шешу тіпті мүмкін емес» деп жазады. Басқа теңеудің қажеті жоқ бұл арада.

«Заң» – қоғамдық-саяси, құқықтық басылым. «Заң» газетіндегі БАҚ туралы Заңның қаншалықты насихатталуы, жалпы көрініс табуы аясында 2012 жылдың наурыз және тамыз айлары аралығындағы мақалалар топтамасынан сараптау жұмыстарын жүргіздік. Жалпы алғанда, мақалалар заңдық тұрғысынан БАҚ туралы заңды толыққанды насихаттамаса да газет атауына сәйкес сот жүйесі, өткен сот істері мен заңды ақпарат алу ұғымдары БАҚ пен байланыстырылып «Төртінші билік» айдарында жарияланып отырады екен. Мәселен, «Сот жүйесі және бұқаралық ақпарат құралдары» атты Ақмола облыстық сотының баспасөз мәслихаты жариялаған ақпараттық жанрдағы мақалаға Ақмола облыстық судьялары мен БАҚ өкілдерінің өткізген форумы жазбаға тікелей арқау болған. Форум аясында сөз алған сот орындаушыларының айтпағы: «Сот жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдары арасында бір мүддені көздейтін ынтымақтасқан кәсіби әріптестік пен әрекеттестікті қалыптастыру» тіркесінің төнірегінде болған.

Ал, 2012 жылы күллі елді шулатқан «Жаңаөзен оқиғасы» болды. Ол турасындағы істің мән-жайын журналистер арқылы біліп отырдық. Осы орайда Шолпан Қараева «Жаңаөзен ісі және БАҚ» атты арнайы мақала жарияланды. Біршама жайттардың шеті шыққан. Сот процесі ашық өтіп жатқаннан кейін, кез келген айыпталушының, мемлекеттік айыптаушының және судьяның сот процесі кезіндегі жай- күйін көрсететін суреттер мен бейнежазбаларды алуға құқылы болатын. Ондай ақпараттарды алуға БАҚ-қа тиесілі заңдар мен Ата Заңымыз толықтай кепілдік берген. Бұл туралы БАҚ туралы заңның 2-бабында анық көрсетілген. «Жаңаөзендегі тәртіпсіздік» туралы «Қазақпараттықтар» бірнеше мәрте жариялаған болатын. 93- томға негіз болған Жаңаөзен оқиғасында тек қана журналистер біржақты қарап отырған «Жаппай тәртіпсіздік пен ұрлау, тонау істері» ғана емес, халық тағдыры, қараша қасіреті жатыр... Мәселені тамырынан тартып, өзегін шығара жазған төртінші билік өкілдері бірнеше келелі істердің бастауы болатыны белгілі.

Ал, енді шоу-бизнес әлеміндегі заңсыздықтар. Осы жылдары Бейбіт Қорған мен журналист арасындағы дау-дамай бүкіл республика көлеміне тарады. Біреулер әншіні ақтап алғысы келсе, кейбір жандар заң шеңберіндегі іс деп топшылаған-ды. «Бейбіт Қорған журналиске қоқан лоқы жасады» деп аталатын мақалада Атырау облыстық «Ақжайық» газетінің тілшісі Айнұр Сапарбаеваға қысым көрсеткені жазылады. Тілшінің сұрағы қытығына тиген жас әнші алдымен дауыс көтеріп, содан кейін кешірім сұрай бастайды. Кешірмесең сотқа береміз деп журналисті қорқытуға дейін барған . Газет редакторлары полицияға хабарласып қызметкерін босатқанша, ол бір сағатқа жуық қамауда отырады. ¬Өз құқығын қорғап шыққан Айнұр аталған іске қатысты сотқа шағым түсіреді. Бір бұл емес 2010 жылы ұшақ ішінде спорт шеберіне үміткер Айдармен ілінісіп қалғаны жұртшылықтың есінде болар. Қысқасы, журналист заң біледі. Мүмкін, заңнан хабарсыз болған жағдайда іс мүлдем басқаша болар ма еді...

Газетті ақтарып отырып «Құқықтық журналистиканың дамуы: кемшіліктер мен кедергілер» атты көлемді мақалаға кезіктік. Құқық тақырыбында жазатын журналистердің тым жоқтың қасы екендігін мәселе етіп көтерген жазба «журналистер құқық тақырыбын қалай меңгеріп жүр?» деген нақты сауал арқылы белгілі журналистердің пікірін ортаға салады. Есберген Алауханов: « Мен білетін 30 жылдың ішінде құқық тақырыбында бір семинар-кеңестің болғанын естіменппін. Біз неге аралық бағыттағы журналистиканы дамытпаймыз? Басылым беттерінде соттың, судьяның үкімі шықпай тұрып сол мәселе туралы журналистер жазып жатады. Бірақ ол қалай көрініс табуда? Өйткені, көптеген пікір алуандығы осыдан туындайды» десе, Серік Жұмабекұлы: «Біз сын мақала мен құқықтық мәселенің арасын ажыратып алуымыз керек. Сын мақаланы кез келген журналист жаза алады. Ал, заңды біліп жазу – мүлдем басқа нәрсе»,- деп келтіреді. Ал, Аманхан Әлім былай дейді: «Жалпы, судья да, журналист те тәуелсіз болуы тиіс. Бірақ олар сол тәуелсіздікті қалай пайдаланып жүр? Мәселе осында. Сол тәуелсіздікті заңға сүйеніп айтып жүр ме, әлде, өз еркінен тыс пайдаланып жүр ме?». Демек, Заңды білсең ол сенің игілігің үшін қызмет етеді, білмесең сен оның қарауында боласың. Әрине, біз үшін тәуелділіктен асқан сот жоқ! Мейлінше шектен шықпауға тырысқан абзал.

Шолпан Рақымқызының «Журналист жазасын жеңілдету – өзекті мәселе» атты мына мақаласында «Әділ сот» журналистердің құқығын қорғау қоры ҚР Қылмыстық кодексіндегі қолданыста жүрген бірқатар жаза түрлерін жеңілдетіп, оны ҚР Азаматтық кодексіне ауыстыруға байланысты тиісті билік өкілдеріне кезекті ұсыныс талаптарыен жолдағандығы және журналистер тарапынан бұл мәселе қызу қолдау тапса да, әлі күнге дейін заң шығарушы органдардан толықтай қолдау таба алмай отырғандығын назарға алып, мәселе етіп көтереді. «Күнделікті өмірде «қоғамдық қызығушылық», көпшіліктік тұлға» деген түсініктер ескерілетін болса, сөз бостандығының демократиялық жолдарына сәйкес, соттық процестерде тұлғаның жеке өмірінің де қорғалатын қызығушылықтары нақтылануға тиіс. Бұл тұрғыда БАҚ бетіндегі жарияланым иесінің жазаға тартылуы Ата Заңымыздағы «сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады» дейтін – бапты жоққа шығарған іс болып есептелінеді», - дейді сөз бостандығын қорғау ұйымының өкілдері. «Қоғамда журналист қылмысы, журналистік этика ерекшеліктерінен шығу, журналистің ҚР заңдарын өрескел бұзуы міндетті заңдар аясында жазаланатыны белгіл. Сол себепті де, кейбір халықаралық нормаларды ескере алмай отырған біздің билік осындай шектеулерді әлемдік стандарттар талабына салып салмақтаса екен дейсіз» деп түйіндейді журналист сөзін. Әрине заң бар, тіпті көп... Неге екені белгісіз заңдар шығып жатыр, шатасуға болады. Заңның да қызметі қоғамына қарай болғаны дұрыс емес пе? Келесі бір газет санында мына пікірлерге тоқталмасқа лаж жоқ... Іздегеніміз де осы еді... Жүсіпбек Қорғасбек: « Ақпарат алаңында өзгелердің құқығын қорғайтын, журналистердің құқығын ешкім қорғамайды» деп ашына жазған екен. Журналистердің құқығы қорғалмағаны секілді тіпті ол жұмыс жасайтын БАҚ-тың қожайындары да бұл жауапкершілікті өз мойындарына алғысы келмейді. Ия, расында да мемлекеттік тапсырыс деп таңдай қаққан қожайындарының айтқанын орындайтын БАҚ өкілдері жайында Шерағаңның «журналистің жегені жантақ, арқалағаны алтын» деген тамаша теңеуін айтпай кетпеске болмас. Ал, Арбалек Солдатбай: «Біздің мүддемізді қорғайтын жеке заң жоқ»,- депті. Жоғарыдағы екі пікірден байқағанымыз, заң негізінде кәсіподақ құру. Барлық пікірмен келісуге болады. Қазіргі таңдағы ахуал біріне оң иығын беріп жатса, біріне тіпті бұрылып та қарамайды. Сол себепті мәселе көтерілген күйінде қалмай нәтижесін тапқа игі.

Шолпан Қараеваның «Кодекс сөз бостандығының бағы ма, әлде соры ма?» атты мақаласы өте ұтымды әрі шебер жазылған деп айтар едік. Себебі, бұқаралық ақпарат құралдарының ешкімге тәуелді болмауы, жарғақ құлағымыз жастыққа тимей айтып жүрген демократиялық қоғамның негізгі өлшемі деп атап көрсетеді. Бүгінде «Сыныққа сылтау» болып тұрған жала жапты немесе жалған ақпармен ар – ожданыма тиді деп журналистерді заңға сүйрейтіндер аз емес. Кодекстен күтетініміз де осы. Тәртіпке бағытталған кодекс осындай келеңсіздіктерден тілшілерді қорғаса нұр үстіне нұр болар еді. Журналист белгілі бір топтың, таптың мүддесін ғана емес, бүкіл қоғамның мүддесін қорғауы тиіс. Жеке адамның ар-намысы мен мәртебесін қадірлеу – олардың басты парызы. Осы талаптарды ескерген жағдайда ғана әрбір журналист өз мамандығының, ұжымының беделін көтеруге қызмет етеді, кәсіби міндетін адал атқарып, оқырмандары мен көрермендерінің құрметіне бөленеді. Сол себепті де бұл құжаттың қажеттігі жүз пайыз... осы тақырыпқа орай ой өрбіткен саясатанушы Әзімбай Ғали: «Бұл заң мемлекетке, тілге жұмыс істеуі керек» -дейді. Әрине, мемлекет шеңберіндегі әр дүние қоғамға, мемлекетке қызмет етуі тиіс. Ахмет Аляз: «Тілшілердің ақпарат алу және тарату мүмкіндігі щектелмесе» деп кесіп көрсетіпті. «Әдептен асқан журналист осы уақытқа дейін Азаматтық және Қылмыстық кодекстер бойынша жауапқа тартылып келді. Оған бірнеше оппозициялық және республикалық басылымдар мен жекелеген журналистердің сот алдында жауап бергені дәлел бола алады», -дейді. Бұл заң қабылданған жағдайда журналистің құқығын қорғайтын этикалық принциптер, әсіресе, лауазымды тұлғаның алдындағы міндеті мен журналиске деген жауапкершілігі көрсетілуі тиіс. Осы ретте кодекс жобасында журналистің кәсіби парызы, әлеуметтік жауапкершілігі, шыншылдығы мен объективтілігі, адалдығы, жалпы адамзаттық құндылықтарды дәріптеуі көрініс тауып, бір ізге түсер еді.

Қорыта келе, кодекс өз орнымен, ал аталған кодекстің насихатталуы орта деңгейде. Газеттің әр бетін парақтап отырып тың тұжырымдар мен салмақты пікірлерді оқуға мүмкіндік алдық. Біз білмейтін біршама жұмыстар жүргізіліп, істер атқарылып үлгеріпті. Тек әр ісімізге жауапкершілік жүктеп қана қоймай оны орындауға асығайық!

Ғазиза КІШІБАЕВА,
журналистика факультетінің 4 -курс студенті

Журналистер халық пен үкімет арасындағы төртінші билік деген аты бар. Ал оның шынайы статусын әр адам өзі бағамдай жатар. Себебі, журналист мүддесін қорғауы тиіс бірден-бір ұйым – халық. Қалай дегенмен де қазақ журналистикасының ақпарат кеңістігінде алар орны бар екендігі ақиқат. Тек кемшілігі деген бағанда қаламды жауынгерлеріміздің ұпайы түгелденбей жатады.

Соның бірі сауаттылық тұрғысынан келгенде. «Идеал мемлекет» деген статусқа ұмтылу жолында әрбір елде діңгегі берік қаланған заңның басты орын алатындығы даусыз. Заңды орындау үшін оны білу керек. Осы ретте ағартушының функциясын атқаратын журналистердің құқықтық жағынан сауатты бола білу құба-құп. Қазақ тілді басылымдар әріптестерінің осы кемшіліктерінің орнын толтыру үшін қалай жұмыс істейді? Журналистер үшін құқықтық сауаттылықтың әліппесі болатын БАҚ туралы заң газет беттерінде қалай насихатталады? Арыға бармай бір ғана «ЗАҢ» газетін ақтарсақ.

Төмендегі мақалалар 2012 жылы алты ай аралығында «Заңның» бетіне шыққан БАҚ туралы заңды насихаттайтын немесе қатысы бар материалдар.

Мәселен, Назерке Нақышеваның «Әндер таралымына таршылық таныту керек» (№108, 24 шілде, 2012 ж.) атты мақаласында теле және радиожурналистері білу қажетті өзекті тақырыпты қозғайды. БАҚ туралы заңда жазылғандай орыс тілді және қазақ тілді бағдарламалардың пайызы 50 де 50 болу керек. Мысал үшін, Канада радиотораптарында әрбір 5-ән канадалық әншінің әні болуы керек. Ал Францияда таңғы сағат 8:00-ден бастап кешкі 20:00 аралығындағы музыканың берілуі 70 пайызы мемлекеттік, 30 пайызы шет тілінде болуы қажет екен. Автор, әсіресе, отандық радиостанцияларда музыка таратылуы кезінде кемшіліктердің орын алатындығын айта отырып, журналистерге осы заңның орындалу керек екендігін алға тартады.

Келесі Қарлыға Ибрагимованың «Телерейтингті анықтауда теңдік жоқ» (№44, 28 наурыз, 2012 ж.) атты мақаласында «TNS Gallur Media Asia» компаниясы жыл сайын отандық телеарналардың рейтингін жариялайтынын, осы арада қазақтілді арналар үнемі тізімнің көш соңында жүретіндігі жайында жазылған. Мұның себебі ретінде шет елдік компания біздің мәдениетіміз мен заңымызға сүйенбейтіндігін белгілі журналист Нұртілеу Иманғалиұлы ашына айтқан. Компания респонденттерді анықтау барысында 1999 ж санақты қолданғанымен қоймай, біздегі арналардың хабарлары 50% мемлекеттік тілде және 50% өнімдері көрсетілуі керектігі БАҚ туралы Заңның 3 бабында айтылғанын назардан тағы шығарған деген ой келеді.

«Зан» газетінің біраз сандарынан журналистер құқығына қатысты материалдарды кездестіріп жатамыз. Мәселен, Сәкен Орынбасарұлының «Кодекс сөз бостандығы ма әлде соры ма?» (№110, 26 шілде, 2012), Айман Сейінбекқызының «Құқықтық журналистиканың дамуындағы кедергі мен кемшіліктер» (№ 46, 30 наурыз, 2012), Шолпан Қараеваның «Жаңаөзен ісі» және БАҚ. (№102, 11-сәуір, 2012) т.с.с. атап өтуімізге болады. Заң саласында қалам тербеп жүрген әріптестер журналистердің құқықтық сауаттылығы туралы пікірталас өрбітіп, «қаламды жауынгерлердің» заңды қаншалықты білетіндіктерін ортаға салады. Әсіресе, мемлекет тарапынан цензураның болуы және журналистердің көп жағдайда мәселенің байыбына бармай жатып жала жабатындықтары да қынжылтады.Отандық БАҚ-тың заңдық тұрғыдағы сауаттылығы мен журналистердің обьективтілігі сын нысанасына алынады. БАҚ туралы Заң бізде әлі де толыққанды орындалып жүрген жоқ.

Айта кетейік, «Заң» газеті айына 15 рет жарық көреді екен. Демек, ай сайын шығатын басылымдарға қарағанда 6,6 %, апта сайын шығатын басылымдарға қарағанда 2,7 %-ға артық шығады. Жалпы, журналистикаға қатысты материалдар саны біршама көбірек. Бірақ біз әңгіме қозғап отырған журналистика Заңының орындалуы туралы мақалалар саны 6 ай ішінде 5-6 ғана жуық. Бұл дегеніміз БАҚ туралы заңға қатысты мақалалар саны газеттің екі жылдық көрсеткішінде он пайызға да жетпейді.

Демек қарапайым халықтан құқықтық сауаттылықты талап ету үшін алдымен өзіміз Заң тұрғысынан келгенде «бес қаруымыз» сай болуы керек. Құқық, заң саласында қалам тербейтін журналистердің қатары көбейгені дұрыс. Өз мүддесін қорғай білген журналист қана жұртшылық мүддесіне де қорған бола алады.

Ақсәуле ӘБІТАЙ,
журналистика факультетінің 4-курс студенті

Журналист – қауіпті мамандық иелерінің бірі. Қай жерде шеру, митингі не әскери іс-қимылдар жүріп жатса, сол жерде БАҚ өкілдері жүреді. Тек қана шеруде емес, кез келген оқиға орын алып жатқан жерден олардың табылары даусыз. Әрине, бұл - журналистердің ең негізгі міндеті. Өздері қаламай тұрса да, кейбір кездері кескілескен ұрыстың, жалындаған жанжалдардың ошағына тап болады. Сөйтіп, өмір мен өлімнің арасында күн кешеді. Қай қоғамда тұрақсыз ахуал мен ашу-ыза болса, тілшілер сонда жүреді.

Олар мұны қаласа да, қаламаса да, бұл олардың қызметі. Қызметі десек те, бұл олардың конституциялық құқығын бұзу деп ұғуға болмайды. Кей адамдар мұны солай ұғып жататын көрінеді.

Журналист – қоғамға ақпаратты қалай бар болса, дәл солай тарататын тұлға. Ол ақпарат таратуда өзіндік ой-пікір немесе шешім шығарушы заңгер емес, тек қана ақпаратты қоғамға жеткізуші тұлға. Келеңсіз оқиғалар орын алған сәтте адам өмірін арашалап қалуға сөзі мен ісі арқылы ықпал етуі әбден мүмкін, дегенмен ол шешім шығарып, жазаға тарта алмайды.

Қазіргі таңда елімізде журналистердің конституциялық құқығын аяққа таптау, бассыздық, журналистер өміріне қауіп төндіру сынды қылмыстар көбейіп кетті. Женевадағы журналистер құқығын қорғаумен айналысатын ұйымның хабарлауынша, жыл сайын жер-жаһанда 100-ден астам БАҚ өкілдері әртүрлі себептермен көз жұмады екен. Тіпті, бүгінгі таңда тынышы қашқан әлемде бір аптада екі журналист бақиға аттанатын көрінеді. Бейбіт заманның өзінде сұрқысқы статистика азайған орнына, ұлғайып барады. Мәселен, БҰҰ-ның жанындағы Press Emblem Campaign ұйымының мәліметінше, дүние жүзінде 2011 жылы - 107, 2012 жылы – 141 журналист опат болыпты. Қорқынышты статистикада 1-ші орында Сирия тұр. Әлгі 141-дің 37-сі тұрақсыздық нүктесіне айналған осы елден тіркеліпті. Оданәріде Сомали, Мексика, Бразилия мен Гондурас бар.

Бұл не деген қорқынышты деректер. Десек те, қоғамдағы ашы шындық осы. Көнбеске амал бар ма? Журналист журналист болып қызмет атқарғаны үшін кінәлі ме? Осындай сұм заманда сұмдық оқиғалар күн санап өршіп келеді. Бұған кім кінәлі? Заман ба, адам ба? Бәріне қол бір қол сілтеп жіберіп, бәрін заманнан көре береміз. Алайда заманды сұм қылып отырған адамның өзі емес пе?

Елімізде журналистерге шабуыл жасау оқиғалары жетерлік. Халықаралық «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау ұйымының дерегі бойынша, 2013 жылдың қаңтар-наурызында елімізде редакциялар мен БАҚ қызметкерлеріне екі қастандық жасалыпты. Шабуыл, демекші, тіпті тапа тал түсте журналситі ұрлап әкетіп, сыбағасын берген оқиғалар да бар. Қай редакцияны, қай арнаны алып қарасаңыз да, онда қызмет атқаратын журналистің конституциялық құқығы бұзылмағаны жоқ.

Бұның басты дәлелі ретінде 2012 жылы ҚазҰУ-дің журналистика факультетінің түлегі Өркен Жоямергеннің Кәкен Қамзинге хат ретінде жазған «Жанрда жазық жоқ, журналистикада жазым көп» атты мақаласын алуға болады. Өркен Жоямергеннің мақаласын оқи отырып, барлығына кінәлі журналистік тәсілім жанры ма деп қаласың. Журналист мақала жазу барысында журналистік зерттеу жасамаса, ізденбесе оның несі еңбек? Дегенмен, осы жанрды өз еңбегіне қосамын деп, өмірден озған, өміріне қастандық жасалған журналистер қаншама.

Журналистиканың кез келген жанры мен кез келген саласында журналист «мені» олардан мүлдем ада. Ол өз өмірі үшін емес, қарапайым халықтың өмірі жолында қалтқысыз қызмет атқарады. Оларда менменшілдік деген қасиет тіптен кездеспейді. Мына заман шекпенділер сескенбейтін, қалталылар қорықпайтын заманға айналды. Ақшаның күшімен істің басын ашпай тұрып-ақ жаба салатын заман. Сол себепті БАҚ өкілдеріне қоқан лоқы көрсету, кәсіби қызметіне кедергі келтіру, конституциялық құқығын бұзу, жала жабу сияқты келеңсіз жағдайлар орын алуда. Неге? Себебі журналист деген қаукарсыз, қорғансыз қауымның мәртебесі жоқ. Сондықтан БАҚ өкілдерінің әлеуметтік мәртебесін қорғайтын заң керек. Мұндай жаңа заңды қабылдауға үш түрлі себеп бар. Біріншісі – еліміздегі «БАҚ туралы» заңда және Еңбек кодексінде журналистердің мәртебесі мен кепілдіктері туралы ешқандай да бап жоқ. Екіншіден, Еңбек кодексінде «Журналистердің еңбек ету құқықтары» деген бөлім жоқ. Сондықтан, елімізде журналистердің конституциялық құқықтары жиі бұзылады. Үшіншісі – шетелдердегі сияқты қазақстандық журналистердің де жеке өміріне, жақын-жуықтарының өміріне қауіп төнеді. Бұл жерде де журналистерді қорғайтын заңдық негіз жоқ. Осы «жоқтардан» құтылу үшін арнайы заң қажет.

Журналист ұстанған қару ең мықты қару, осы қару арқылы журналист мемлекетті де билей алады. БАҚ өкілдерін төртінші билік иелері деп босқа айтылмаса керек, осы сөздің ақиқат екендігіне көз жеткізу үшін олардың әлеуметтік мәртебесін қорғайтын арнайы заңның болғаны абзал. Сонда елімізде журналистердің конституциялық құқығын бұзу, арандатушылық пен қоқан лоқы көрсету жойылар деген ниеттемін.

Әсия НҰРЛЫБАЕВА
журналистика факультетінің 4-курс студенті

«Заң» газетінің 2013 жылғы наурыздан тамыз айына дейінгі аралықтағы журналистикаға қатысты мақалаларын қарастырғанымызда, газетте «Төртінші билік» айдарымен берілетін журналистика саласына байланысты, оның ішінде «БАҚ туралы заң» тақырыбында жазылған, журналистің кәсіби этикасына байланысты бірнеше мақалалар табылды. Мәселен, Орынбек Сахидәулетұлының «Журналистік этика жүгін сезіне алмай жүрміз» атты мақаласында ақпарат құралдарының қатарындағы телеарналардағы жаңалықтар жайын қарастырған. Яғни, телеарна тілшілері рейтинг жоғарлату мақсатында тек сенсациялық хабарларды тарататынын айтады. Сенсациялық жаңалықтары қылмыс, зорлық-зомбылық, ұрлық дегендей жан түршігерлік жайттар. Мұның көрермен қауымының психикасына кері әсерін телеарна қызметкерлері назарданы тыс қалдырғандай. Жағымсыз жаңалықтарды таратушы ретінде автор «КТК» және «31 арна» телеарналарын атап өтеді. Ал, «Хабар» және «Қазақстан» арналарының жұмысын құптайды. Бұл дегеніміз, тек сенсация қуалап өрескел бейнелі жаңалықтарды таратушы журналистердің этика шеңберінен асып бара жатқандығын байқаймыз.

Сонымен қатар, «Журналист айыптаушы орган өкілі емес» атты мақалада (1 мамыр 2013) ақпарат құралдарында айыпталушы, күдікті, сотталушы, қылмыскер сөздерінің мағынасын жіті түсінбеушіліктен кетіп жататын қателіктерді айтылып өткен. Себебі, көптеген жаңалықтар қылмыстық оқиға жайында репортаж жасау барысында ұсталған адамды қылмыскер деп көрсетіп жатады. Бұл дұрыс емес. Ертеңгі күні телеарнадан қылмыскер деп көрсеткен адам, ақталып шығып жатса, жұртқа кінәсіз қылмыскер деп жариялануынан жапа шегеді. ҚР «БАҚ туралы заңында» адамды рұқсатынсыз бейне жіне аудиожазбаларға түсіруге тиым салынған делінген. Операторлар ұсталған адамның шарасыздығын пайдаланып, оны түсіре береді. Демек, бұл заңға қайшы әрекет.

Жаңалықтардан оны қылмыскер деп көрсетуі, журналистің сөздің мәнмағынасының байыбына бармағандығы. Егер қылмыс үстінде ұсталса ол күдікті болып саналады, ал тергеу жүргізіліп жатқан болса ол айыпталушы болады, тіпті сот процесі өтіп жатса да сотталушы болып саналады. Тек сот үкімі шыққаннан кейін барып қана кінәсі анықталса қылмыскер деп атауымызға болады. Бізде көптеген арналар қылмыскер деп көрсетіп, соттан бұрын үкім шығарып жатады. Журналист ақпарат таратушы ғана. «Заң» газетінің редакциясына жазған оқырманның хаты да осындай қателікті атап өткен. «Іздеу жариялаған телеарна ісіне жауап берсін» деген тақырыпта жазылған. Онда, Қылмыстық кодекстің 228 бабы 3-тармағына сәйкес БАҚ құралдарына хабарлама жариялауға алдын ала тергеу ограндары жауапты болғанымен адамды қылмыскер ретінде телеарнадан жариялап жіберген. Ал ол азамат тек ажырассу сотына қатыспағаны үшін ғана соттан іздеу жариялаған. Анығында азамат сол телеарна редакциясының жанында жұмыс істейтін. Яғни, бұл жерде біріншіден сотқа қатыспағаны үшін іздеу салған ішкі істер басқармасы мен оны қылмыскер ретінде экран арқылы іздеу таратқан телеарна кінәлі делінген.

Мұндай заң бұзушылықтар газет басылымдарға де жеткенін аңғаруға болады. Камила Әкімбекқызының «Саржағал басылымдарды саудалауды тоқтататын кез келді» атты мақаласында эротикалық, порнографиялық сипаттағы ақпараттарды тарататын басылымдарға тиым салу салу мәселесі қарастырылған. ҚР «БАҚ туралы заңның» 14-бабында: «Эротикалық сипаттағы материалдар жариялланатын мерзімді баспасөз басылымдарынтек қана мөлдір ораммен буылыптүйілген күйінде және бөлшек саудаға сатуға жол беріледі,олардың орналасқан жері мен сату ережелерін жергілікті атқарушы органда белгілейді»,- делінген. Демек, бізде ондай басылымдарды сатуға жол берілген. Жақында билікте осы мәселе бойынша заң жобасымен танысып, бірден мақұлданды. Енді оның күшіне енетін кезі келген секілді. Бізде елімізде 90-шы жылдардан бері қарай әсіресе Германия мен Ресейден көптеген эротикалық басылымдар келіп жатады. Ал, ҚР Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов: «Қазақстанда порнографиялық өнімдер дайындалмайды, ондай фактілер тіркелген жоқ, тек шет елдерден келдеді» - деген. Ендеше, елімізде мұндай өнімдерді саудалауға тиым салынатын заң жобасын қарастыруымыз қажет.

Бұл қазіргі ақпарат құралдарының соңғы толқыны интернетке қатысты заңдарды да түзету қажет екендігі белгілі. Миллиондаған аудиторияны өзіне тарту үшін телеарналар мен радиолар ондаған жылдар бойы қызмет атқарды, ал бұл көрсеткішке интернет небәрі санаулы жылда ғана қол жеткізді. Бұл дегеніміз интернет ақпараттардың күннен-күнге есепсіз күрт өсуде. Ақпарат қандай болмасын оның зияны да болады, демек оған да бақылау қажет. ҚР «Интернетті реттеу туралы заң» бар. Онда экстремизм, терроризм, нашақорлықты насихаттайтын сайттарға тиым салынған. Сонымен қатар интернет – мықты идеологиялық құрал деуімізге болады. ҚР Конститутциясында «сөз бостандығына еркіндік берілген, цензураға тиым салынған» делінген, алайда блог, әлеуметтік желілерге лақап атпен тіркеліп алып аузына келген дүниені әңгіме қылып айтып отыратында жетерлік. Тағы бір айта кетерлігі соңғы кездері «интернет-цензура» деген ұғым қалыптасты. Бұл сөзді әркім өзінше түсінеді. Кейбіреулері оны интернеттегі оппозициялық сайттардың жабылуы десе, кейбіреулері оны ұлт қауіпсіздігіне, мемлекет тұтастығына, зорлық, зомбылыққа нұқсан келтіретін сайттарға тиым салу дейді. Мәселен бұл істің тәжірибелік нәтижесін Қытай көрсетіп отыр.

Жоғарыда аталған құқықбұзушылықтардың көпшілігі журналистердің Заң жне құқық, кодекстерді жетік білмеуінен туындап отыр. Сонымен журналистерге оқу орнында ең әуелі заңды оқытатын пәндерді тереңірек оқыту қажет. «Құқық тақырыбын жазатын журналистерге заң білімі тереңдетіп берілуі керек» деген ҚазҰУ-нің профессоры А.Ағыбаевтың мақаласында осы проблема айтылады. Құқықтық білімді жетілдіру саласында бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы ерекше. Сондықтан құқықтық сауаттылықты насихаттайтын арнайы телеарна қажет. Өркениетті елдер журналистерінің құқықтық сауаттылығына зор көңіл бөлінеді дейді.

Көптеген елдерде «БАҚ туралы заңнын» жоқ екені белгілі. Ал біздің мемлекетімізде бола тұра БАҚ саласында өрескел заң бұзушылықтар көп кездеседі. 1991 жылы асығыстықпен қабылданған «БАҚ туралы заң» 2005 жылы толықтырылды. Онда ақпарат құралдары мен журналтстерге арналған бірнеше баптар белгілеген, бірақ журналистердің әлеуметтік мәнін анықтайтын заңның елімізде жетіспеушілік танытуы көрініп тұрады. Себебі, Заңда көрсетілген негізгі үш биліктен тыс құралған «Төртінші» билікті қоғам өмірінде маңызды орын алады. «Заң» газетінде маусым айында «Журналистердің кәсіби мерекесі» аясында бірнеше мақалалар жарық көрді. Олар: «Журналистің әлеуметтік мәнін анықтайтын заң керек», «Төртінші билік көтерер жүк те ауыр, міндет те салмақты», «Ұлттық баспасөзге мемлекеттік қолдау керек», «БАҚ өкілдерін баспаналы ету заңмен қамтамасыз етілуі тиіс» атты мақалалар жарық көрді. Қазақстанда журналистердің шындықты айту, халықтың жоғын жоқтап, мұнын мұңдаушы, билік пен бұқараның арасын байланыстырушы өкілдері екені анық.

Алайда, қазіргі кездегі журналистеріміздің әлеуметтік дәрежесі Тәуелсіздік алмай тұрған кезеннен әлдеқайда төмендеп кеткен. Мысалы, бұрындары оқу орнын бітірген шәкірттерге міндетті түрде жоқ дегенде аудан, ауылдық редакциялардан жұмыс табылатын. Ал қазір тек таныс-тамыр арқылы. Оған қоса журналистерге үй беру мәселесі де кезегімен болған. Шығармашылық адамы алаңсыз халыққа жаңалығын барынша жоғары деңгейде ұсынуға тырысатын. Ал бүгінгі күні ше? Дәрігерлер мен мұғалімдердің әл-ауқатын арттыруды керектігін айтып жүріп, өздері олардан төмен жалақы алады. Ал қаламақысы тамағынан аспайтын журналистердің жақсы туындыларды жарыққа шығаруға ынтасы болмасы анық. Ал журналистер рейтинг қуып кеткен, шет елің форматын көшіре береді деуде алдына жан салмайды. Осындай тақырыптарды «Заң» газетінде Түймегүл Ибрашеваның журналист мамандардан алған сұхбатынан білуге болады. Онда, журналистика факультетінің оқытушысы Кәкен Қамзин, «Аңыз адам» журналының редакторы Жарылқап Қалыбай және «Ақиқат» журналының редакторы Аманхан Әлімнен алған сұхбаты берілген. Газетте айтылған ойларды жинақтай келе елімізде «БАҚ туралы» заңдағы журналистің қызметі мен дәрежесі жайлы бөлімдерді толықтыру қажет екенін аңғаруға болады.

Газеттегі бірнеше айлық мақалалар желісін оқудың нәтижесінде, төртінші билік өкілдеріне қатысты заңның әлі де толық насихатталып жатпағаны аңғарылады. Баспасөзде арнайы «БАҚ туралы» заңға арналған мақаланы кездестірмедім. Тек жеке мақалалар арасынан заңның бөлімдерін кездестіруге болады. Бір айта кетерлігі газетте журналистерді ауыптау бар да, оларды қорғау жоқ. Себебі, елімізде заң бұзатын тек журналистер ғана емес. Шындыққа көз жеткізу барысында, өмірін қауіп-қатерге байлап, құқығы бұзылып жататын журналистер де баршылық. Яғни, газетте журналистердің құқығын қорғау мәселесі әлі болса көбірек қарастырылса дейміз.

Ұлпан КӘКІМҒАЛИ,
журналистика факультетінің 4-курс студенті

Адам баласы есту, көру, білу, сезіну арқылы тәтті мен ащыны, қатты мен жұмсақты, жаман мен жақсының парқын айыра бастайды. Сонау ежелгі тас ғасырынан бастап адам баласы ақпарат ағымына ене бастаған. Үрпақтар жалғастығы ақпарат ағымын кеңейтіп, уақыт өткен сайын жаңартып, жаңданта берген. Бірнеше ғасырды артқа тастаған бұқаралық ақпарат құралы Егеменді Қазақ еліндегі сипатты әр қилы. Сан мыңдаған мәселелердің бір бөлігі – халықты ақпаратпен қамтамасыз ететін журналистердің хал ақуалы. Әлемдегі ең қауіпті мамандық шахтердан кейінгі сала – журналистика болып отыр.

Қазақ журналистикасына қарағанда біздің елеміздегі орыс тілді журналистикада көп байқалады. Қарапайым халықтың заңдық сауаттылығының аздығыда көп жерде кері әсерін тигізіп жатыр. Заң адамға емес, адам заңға қызмет етіп жүргені де жасырын емес. Халықтың заңдық сауатын арттыруда БАҚ пен Бақ өкілдерінінің атқарар қызыметі мол . Әрине, олар өздерінің заңдарын, кодекстерін және құқықтарын толық білген жағдайда. Өздерінің құқықтарын толық білмей жатқан журналистер көп жағдайда опық жеп жатады. Өзіне қатысты заңды білмеген адам, сол заңдағы кемшіліктерді де білмейді. Осындай мәселелердің алдын алатын, халықтың заңдық сауатын арттыратын басылым «Заң» газеті. Ол — көптің көкейінде жүрген сауалдарына жауап беретін, шешілмей жүрген мәселелеріне заңдық тұрғыда ықпал ететін бірден бір ақпарат құралы.

Журналист қауымға таяқтың бір ұшы тиіп жатқан жағдайлар орын алғанда «Төртінші билік» айдарында БАҚ туралы заң «мен мұндалап» тұрады. 2012 жылдың 20 сәуірінде «Журналист жазасын жеңілдету өзекті мәселе» атты Шолпан Рақымқызының мақаласы шықты. Журналистің жариялаған ақпараты жалған деп танылған жағдайда, журналистің қауіпсіздігін ешкім қадағаламайды. Журналист өзінің құқығын қорғауда заңға арқа сүйей алмайтын жағдайлар көп. Сондықтан бұқараға қызмет ететін журналистердің бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңын ретке келтірсе жөн болар еді. Бұған мысал, 2012 жылдың 24 тамызында жарияланған «Заң» газетінде «Ар-намыс, іскерлік беделге қатысты бап нақтылықты талап етеді» деген тақырыпта шыққан мақала. Онда «Журналист этикасы», «Ақпарат Қазақстан» жобаларының қатарында «Журналист қауіпсіздігі мен құқығы» жайлы Бақ туралы заңда тармақ-тармақ бойынша нақтылап көрсетуін талап еткен.Осыдан соң Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Мәдениет және ақпарат министріне журналистік этика кодексін жасауды бұйырды. Ол: «БАҚ оқырмандарға бұрмаланған және күмәнді ақпарат таратпай, ұлттық журналистік этика және заң шеңберінде жұмыс істеуі тиіс»,- деген болатын. 2014 жылдың 29 қаңтар күні «Заң» газетінде «Журналистердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс» мақаласы мәселені кең тұрғыда қарастырады. Әрбір журналист халықты шынайы ақпаратпен қамтамасыз етуге міндетті. Алайда, біздің қоғамда шындықтан жалтарып, шынайы ақпаратқа қол жеткізудегі мүмкіншіліктерін азайтып, оған қоса журналисті қудалау, қорқытып-үркіту сынды белгілер жиі кездеседі. Сондықтан, журналистің құқығын қорғайтын, қауіпсіздігін қамтамасыз ететін елімізде арнайы ұйым болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, ақпарат қазанында қайнап жүрген журналистердің мүмкіншіліктері мен БАҚ туралы заңды толықтырып, қыл қалам шеберлері халықты қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуіне мол мүмкіндік жасау – ақпараттық қоғамның басты міндеті.

Мәулен ӘНЕРБАЕВ
журналистика факультетінің 4-курс студенті

Еліміздегі салалы газеттердің бірі 1994 жылдан бері жарыққа шыға бастаған – "Заң" газеті. Осы газетте 6 ай мерзім аралығында жария болған «Төртінші билік», «Пәрмен», «Сәті түскен сұхбат» сынды айдарларда БАҚ туралы заңға сәйкес мақалаларды оқи отырып, сараптама жасаған едім. Заңдардың баспасөз беттерінде сипатталуы, оқырманға құқықтық мәселелер аясында түсініктемелердің берілуі, сонымен қатар, сот істерін жүргізу барысындағы журналистердің еркін ақпаратқа қол жеткізуі сияқты және тағы да басқа мақалаларды қарастырдық.

Осы орайда, Түймегүл Ибашеваның "Журналистердің әлеуметтік мәртебесін анықтайтын заң қажет пе?" атты сұхбат-мақалада әр түрлі орындарда қызмет ететін журналистердің пікірін беру арқылы тақырыпты аша білген. Отандық журналистердің әлеуметтік жағдайын жасаудағы мемлекеттік заңдарды қалыптастыру барысын қамтитын аталмыш мақаланың түйінінде журналистердің қызмет атқаруына жағдай жасауды әрі қазақ журналистерінің беделін көтеруді көздейді. Мәселен, «Жас Қазақ» газетінде тәжірибеден өтіп жүргенімде көп нәрсеге көзім жетті. Мен үшін редакция– «қайнаған қазан». Онда қызмет ететін әр журналист өзінің төртінші билік өкілі екенін сезіну-сездіре білу керек. Ал, жоғарыда аталған газет редакциясының ішінде бір-бір компьютермен отырған журналистерден өзге ешкімді көрген жоқпын. Олар интернет парақшаларын парақтап отырып, сол жерден ақпарат іздейді. Болған іс-шараны, оқиғаны көруге талпынбайды. Себебі, ондай жағдай жасалмаған. Пресс релизді оқып, содан ақпарат жазу көбейіп кеткен. Биылғы жылы қатысқан Асхат Еркімбайдың семинар-тренингінде «чурналистика» атты термин пайда болғанын естіп едім. Пресс релизге қарап ақпарат жазу деген осы екен.

Тағы бір мысал, «Халықтың басын біріктіретін де, бөлетін де сөз» атты М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры Уәлихан Қалижанның берген сұхбатында сөздің халық үшін маңызын ашып береді. Осы сұхбатта заңға қатысты да айтылған. Мысалы, БАҚ туралы заңның 2-бабының 2-тармағында мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен қамтамасыз еткен жағдайда кез келген ақпаратты алуына құқығы бар. Яғни, журналистке сұралған ақпарат еш кедергісіз берілу керек, мемлекеттік құпиядан өзге. Болған оқиға жайыда лауазымды тұлғадан пікір алу қиынға соғып жататын тұстар болады. Сонымен бірге, журналистерді билік өкілдерінің бірі ретінде қарастырмайды. БАҚ туралы заңда төртінші билік деп анық көрсетілген. Сөз бостандығы деген заңның аясында жұмыс істеу деген пікір де кездеседі. Дұрыс, бірақ қазір заң бар, жүйе жоқ болып тұрғаны.

Гауһар АСАНБЕК,
журналистика факультетінің 4-курс студенті

Осыдан 21 жыл бұрын Еуразия кіндігінен жұлдыздай жарқырап көрінген Алаш азаттығының куәсі – Тәуелсіздігімізді алған күн, барлық әлемге Қазақстан Республикасы деген мемлекеттің атауы жария болған күн, «мың өліп, мың тірілген» қазақ елінің енді аты өшпестей, жады жоғалмастай мәңгілікке өмір бастаған бақытты күні. Расыменде Тәңірдің сыйы, тағдырдың тартуы болған Тәуелсіздік – сыртқы елдерден егемендігіміз ғана емес, қазақы болмыстың, ұлттық діліміздің, ұлттық жады мен зерденің, қазақша ойлау мен түйсінудің еркіндігі. Қазақ деген атымыз бар-жоғы 21 жылда ғасырға бергісіз белестерді аттаған Тәуелсіз Қазақстанның дос пен дұшпанымызды мойындатқан жетістіктері "Қазақ" дейтіндей том-том шығармаларға арқау болғандай.

Ал тәуелсіздігімізді алғанға дейін біздің хал – ауқатымыз қандай болды болмаса атадан қалған заңдар бүгінде қолданудама?

Біздің қазақ елін ерте замандардан беріхан басқарып, заңдылықтары Жеті жарғы заңымен реттеліп, билікті тек билер мен ақсақалдар жүргізген, тәуелсіздігін батырлар қорғаған. Конституция қабылданған кезден бері еліміз демократиялық жүйені қалыптастыруда алға қарай көп ілгерілеп, әлеуметтік - экономикалық дамуда біраз оң нәтижелерді иеленді, құқықтық мәдениеттің берік іргесі қаланды, тәртіп нығайып, жеке азаматтардың құқықтарын қорғау жүзеге асырылды, жас мемлекетіміздің халықаралық беделі көтерілді. Ата Заңымыз бүгінде еліміздегі тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды қызмет етіп келе жатқан басты құжатқа айналды десем қателеспеймін...

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасы Конституциясының күні осынау маңызы аса зор құнды құжатты қабылдаған күн ретінде ғана емес, ол барлық қазақстандықтар үшін нағыз ерекше, қасиетті мереке болып табылады. Олай дейтініміз, еліміздің толыққанды демократиялық - құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы үшін , азаматтардың өз қарым - қабілетіне қарай еңбек етіп, еркін өмір сүруі үшін Ата Заңда барлық мүмкіншіліктер қарастырылған.

Ал қазіргі кезде елімізді басқару жүйесі негізінен алғанда сол баяғы заманға бір табан жақын болғанымен, талай сатылардан өтіп, жетіліп, адам мен азаматтардың құқықтарының сақталуына көп көңіл бөлінуде. Табиғат заңдары көп ғылымдармен түсіндіріледі. Мысалы, судың қатуы немесе қайнауы, адамның сырқаттануы немесе жазылуы, қышқылдар мен металдардың өзара әсерлесуі – бәріде себебті – нәтижелі принциптеріне бағынады. Сол сияқты егемендігімізді алған 21 жылда өзіміздің Ата Заңымыз – Конституциямызды қабылдап, онда елімізді басқару жүйесін анықтап, құқықтық, зайырлы мемлекет болуға қол жеткіздік.

Аптасына төрт рет шығатын Заң газеті халықтың көкейінен шығады. Алайда төртінші билік деген айдарында БАҚ заңы кеңінен жазылмаса да, жанынан жанап қана өткендей сезіледі. Журналистердің қазіргі қоғамда құқықтары баса назарға алынбай отыр. «Заң» газетінің бір жылдығында БАҚ туралы заңның насихатталуы төмен көрсеткішті көрсетіп отыр. Оған негіз журналист халық пен ел мүддесі үшін жұмыс істейтіндіктен, оны заң орындары да, үкімет те қорғауға, қолдауға тиісті. Ия бірақ толық қолдауда емес. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызмет аясы тек «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңымен ғана шектелмейді. Оған, сондай-ақ, «Авторлық құқық пен аралас құқық туралы», «Жарнама туралы», «Сайлау туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы», «ҚР журналисінің этикалық кодексі» заңдары кіреді. Бұлардың бәрі Ата Заң – Конституциядан бастау алады. Заң газеті БАҚ заңына келгенде айқын көрсетіп, журналистердің мәселесін шешеді деуге келеді. Бірақ журналистердің құқығы тек бір өзекті бір мәселе болып қалса ғана жария етеді. Бұл үрдіс меніңше дұрыс емес! БАҚ заңын үнемі төртінші билік айдарына жариялап отырса, оған негіз әрбір адам баласы өмір сүріп отырған қоғамда құқығын білуі тиіс, сол сияқты журналистерде өздеріне қажетті заңнамы ұйықтап жатқан жерінен оятып сұрағанда судай судырататындай айтуы міндет шыңдап келгенде! Мәселен Заң газетінде журналист Орынбек Сақидәулетұлы жазған 20 ақпан 2014 жылғы " Телеарналар заңды неге ескермейді" деген мақаласы мені елеңдеттірмей қоймады. "Елімізде 2012 жылы зорлық – зомбылық, қатыгездікті көрсетуге тиым салынатын заң шыққан болатын. Бірақ мұнымен мәселе шешілген жоқ. Бұдан да жол тапқан телеарналар " 14 жасқа толмаған жасөспірімдерге ата – анасымен бірге көруге болатын фильм " дейді де көрсете берді. Тағы балалардың денсаулығына және психикалық дамуына зиян келтіретін ақпаратттарды қорғайтын заң бар. Бірақ бұл заңды телеарнадағы келеңсіздіктердің жойылуына септігін тигізіп отқан жоқ. Мәселен Ресей телеарнасында көрсететін кинолардың 30% -ын отандық өнім болуы шарт деген заңнама қабылдағалы жатыр. " Расымен де өзекті мәселе. Келер ұрпағымызды саналы етіп тәрбиелеу басты міндетіміз. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Еліміздің Негізгі заңы азаматтарымыздың дәулетті де бақытты өмір сүруін, олардың тәуелсіз, экономикасы өркендеген мемлекет құру жолындағы әрбір қадамын реттейтін басты құжат болып қала береді», деп атап көрсетті. Ел болғаннан кейін оның Басшысы және Негізгі Заңы мен басқа да сол елді басқару жұмысын үйлестіру, адам мен азаматтардың өмір сүруін қамтамасыз ету үшін заңдылықтарының болуы шарт.

Журналист пен заң орындары, үкімет және басқа органдар тығыз байланыста жұмыс істегенде ғана бұл мақсаттар жүзеге асатынын ұғынуымыз керек Журналист – өз саласында толық құқығы бар кәсіби маман. Сонымен қатар журналист өз елінің басқа да азаматтары сияқты заңдылықтар аясында өмір сүріп, еңбек етеді. Ол үнемі өз біліктілігін көтеріп отыруға міндетті. Журналист жеке адам өмірін, оның адамдық ар-намыс пен іскерлік қасиетін құрметтеу қағидатын этикалық нормалар негізінде басшылыққа алуға тиісті. Ол азамат пен заңды тұлғаның заңнамалық тұрғыда қарастырылған жағдайлардан басқа кездерде қандай да бір ақпаратты ұсынудан бас тарту құқығын мойындайды.

Қорыта келгенде журналистика маңызды әлеуметтік – саяси құбылыстардың бірі болып табылады. Кез-келген журналист әрбір заңды білуі міндет. Заңды білуін білер, тек жоғарғы жақ дейміз бе әлде билік органдары толыққанды журналистердің құқығын қарастырмай отыр. Қаншама журналистеріміздің құқығы тапталып, жерге қадалғандары қаншама. Шыңдап келгенде халықтың камын жеп, қарлығаштай шырылдап шыңдықты көздеп жүретін журналистер аман болсын!

Асанова ГҮЛНҰР,
журналистика факультетінің 4-курс студенті

Ислам Діні
www.islamdini.kz

Әсемдік кремі

Телеқиардан тікелей эфирден репортаж жүріп жатыр. Диктор қолындағы микрофонды бір жас қызға ұсынды:
- Әсемдік тақырыбында бір зерттеу жүргізудеміз. Әсіресе, терінің сұлулығы неге байланысты деп ойлайсыз?
- Әлі жеткілікті мөлшерде табыс таппайтын болғандықтан бетіме қияр қабықтарын жапсырамын. Кейде қияр кремін қолданамын. Сондықтан жылтырап тұр, әрине.
Диктор жас әйелге барып:
- Сіз ше, ханым, сіздің де бетіңізге ерекше күтім жасайтын сияқтысыз? - деп сұрады.
- Мен қымбат кремдер қолданамын.
Орта жастағы әйел араласып:
- Бұрын мен де солай жасағанмын, қызым. Бірақ, терімнің ылғалдылығы көп кетіп қалған болу керек, 3-4 жылдан кейін терім босап қалды. - деп қарсы шықты.
- Бірақ, теріңіз жаман емес сияқты.
- Пластикалық операция дегенді естіп па едің? Терімді марту үшін пышаққа аз түсті дейсің бе мені?!

Диктор маркеттің сөрелеріне зат қойып жатқан бір жасы үлкен әйелді көреді. Өзі жұмыс істейтін арнаға көп жарнама беретін косметикалық фирмаларды ренжітпеу сол үшін жаққа барып:
- Апай, тері күтімі туралы зерттеу жүргізудеміз. Сіз ұлғайған жасыңызға қарамастан осындай әдемі болып сақталған бетіңізге қандай крем жағасыз? -деп сұрады.
Әйел орамалын жөндеп:
- Мен бетіме крем сүртпеймін, балам. Мен бетімді жайнамазға сүртемін, -деді.

Ілім мен әдеп

Әһли хикмет ғұламалар былай деген:
Адамның бұл дүниедегі үстемдігі, қасиеттілігі, құрметі — ілімі мен әдебі арқылы өлшенеді. Мал-мүлікпен, абыроймен және тектілікпен өлшенбейді. Қадірлі адам - әдептілікке мән беретін және діннің бұйрықтарына бағынатын адам. Ал әдеп — өз орнын, шегін білу деген сөз.
Жұмыс орнында, жанұяда, қоғамда, барлық жерде әркімнің өз орны, шегі болады. Сол шектеуден шықпайтын болса, өткінші өмірі жәннат сияқты болады. Бүкіл қайғы-қасіреттер, қиыншылықтар, ұрыс-керістер, бәрі шектен асудан туындауда. Егер үйдің әйелі өз орнын біліп жүрсе, яғни сол әдептілікті сақтап жүрсе, жәннат әйелі сияқты болады. Ер адам да өз орнын, шегін, біліп жүрсе, сол шектеуден аспай сөйлесе, әрекет етсе, сол жер жәннат болады. Ал осы шектеу дегеніміз не? Мұны ілім үйрену арқылы білу мумкін. Ілім үйренбейтін адам ешбір шекара танымайды, шектеулерден хабары болмайды. Хазреті Әли: **«Маған бір сөз, яғни дінімізге қатысты бір мәселе үйреткен адамның құлы болуға дайынмын»** деген.

Сүйікті пайғамбарымыз да былай деді:
«Бір шәкірт, діни бір мәселе үйрену үшін үйінен шықса, ұстазының үйіне дейін жүрсе, "Бұл қадірлі пенде менің үстімді бассын" деп періштелер қанаттарын оның аяқ астына төсейді. Аспандағы барлық құстар, құрлықтағы барлық жануарлар, теңіздегі барлық балықтар бұл пендеге "Йа, Раббым, ол сенің дініңді үйрену үшін жолға шықты, оны кешіре гөр" деп истиғфар және дұға етеді.»

Бұл тек үйрену үшін барған адамға берілетін сауап. Ал үйрету үшін барған адам, әрине, бұдан әлдеқайда көп сауап алады.

Егер бір жерде Аллаһу та'аланың дініне қызмет жасалып жатқан болса, әр мұсылманның мойнына мына үш нәрсенің бірін жасау парыз болады. Үшеуін де істей алмаса, ахиретте мұның ауыр азабын шегеді. Егер ата-бабаларымыз, бізден бұрыңғылар осы үш шартты орындамағанда еді, бүгінде біз, бәлкім, кәпірдің баласы болар едік, бәлкім, дінсіз болар едік. Өйткені Ислам діні бізге дейін басқалардың еңбегімен келген. Осы себептен, еңбегі тигендердің біздің мойнымыздағы ақысы өте үлкен.

Үш парыздың **біріншісі** - тікелей денемен қатысу. Шынында сахабалар сонау Меккеден, Мәдинадан Орта Азияға дейін келді. Не үшін келді? Жерге иелену немесе байлыққа қолжеткізу үшін емес, Аллаһу та'аланың дінін пенделеріне үйрету үшін келді.

Екінші парыз — іс-әрекетпен қосылуға, жәрдемдесуге мүмкіндік болмаса, мал-мүлікпен, ақшамен демеуші болу.

Бұл да мүмкін болмаса, **үшінші парыз** — қолды жайып, дұға ету. «Аллаһым, мен сенің дініне қызмет етушілерге қосыла алмай жатырмын, әлсізбін, аурумын, дерттерім көп, мал-мүлкім жоқ. Сен оларға жәрдем бер, оларды әр түрлі жамандықтардан сақта, жұмыстарын жүргіз, адамдар құтылсын, дінсіз, имансыз болып қалмасын» деп дұға етсе, осы шартты орындаған болады.

СЕНІҢ ЖАЛҒЫЗ ҒАНА «АНАҢ» БАР

- Сенің бір жасыңда, анаң сені еміздi, артыңды жуып, тазалады. Бұның рахметіне сен түні бойы жыладың.
- Сен екі жасқа толғаныңда, анаң саған жүруді үйретті. Ал сен болсаң, анаң шақырғанда қашатын едің.
- Сен үш жасқа толғаныңда, анаң саған ең дәмді тағамдар әзірледі. Ал сен болсаң, табақтарды жерге лақтырдың.
- Сен төрт жасқа келгеніңде, қолыңа қалам беріп, жазуды үйретті. Ал сен болсаң, қуалдарды шимақтадың.
- Бес жасқа толғаныңда, анаң саған әдемі киімдер киндірді, бұның рахметіне сен үйге кір-қожалақ болып оралар едің.
- Алты жасқа толғаныңда, анаң сені мектепке алып барды. Ал сен болсаң, «оқымаймын» деп, «бақырып жылап» сабақтан қаштың.
- Он жасқа толғаныңда, анаң сені құшақтағысы келіп мектептен қашан келер екен деп, сарғая күтіп отырды. Ал сен болсаң дереу бөлмеңе қарай асықтың.
- Сен он сегізге толып, ер жеткеніңде, анаң балам «есейді» деп көзіне жас алды. Ал сен болсаң мен «машина» мінгім келеді дедің.
- Жасың жиырмаға толғаныңда, анаң «балам біршама уақыт үйде отыршы» деп өтінді, ал сен болсаң, бар уақытыңды достарыңа бөлдің.
- Сен жиырма беске келгеніңде, анаң той жасап сені үйлендірді. Ал сен болсаң, «лажы болса үйден ұзақ болийын» деп анаңды тастап, әйеліңмен бірге еншіңді алып кеттің.
- Жасың отызға толып бала-шағалы болғаныңда, анаң «бала тәрбиесінде» көмек бергісі келді. Ал сен болсаң, «менің жеке басымның тірлігіне, жеке өміріме» араласпа дедің.
- Сен отыз беске келгеніңде, анаң сені «тамақтануға» үйіне шақырды. Ал сен болсаң, «тығыз шаруаларым көп, уақытым жоқ» дедің.
- Сен қырыққа келгеніңде, анаң саған телефон соғып «балам мен науқаспын, сенің қолғабысыңа мұқтажбын» дегенде, сен «ата-ананың проблемалары балаларын мазалайды» дедің.
- Бір күні «анаң» о дүниеге аттанады. Ананың балаға деген махаббаты өзімен бірге кетеді.

Ананың о дүниеге аттануымен, сен үшін «жәннат есіктерінің» бірі жабылатындығын ұмытпа. Егер де сенің анаң әлі күнге дейін тірі болса, оны жалғыз қалдырма. Қолыңнан келгенше анаңа жақсылық жаса. Ол қандай сөз айтса да, анаңды бақытты қылуға тырыс. Ешуақытта анаңа ашуланушы болма. Оның саған деген махаббаты орналасқан «жүрегін» жаралайтын ауыр сөздер айтушы болма.

Сенің жалғыз ғана «анаң» бар.

Абай Құнанбайұлының

ОТЫЗ БІРІНШІ ҚАРА СӨЗІ:

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде гибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

Кітап оқудан жалықпау

Көп адамда бір күнде есепсіз әріптер саны ажыралмай жұтыла береді екен. Қызық мақалалар, жұмысқа қатысты кәсіби әдебиет, өзін дамытуға арналған мәтіндер. Бірақ, соларды оқудан ешкім "ләззат" алмайтын сияқты. Кітап оқуды мақсат еткен адамдар осы күйге жетпей тұрып, неше түрлі әдебиетті талғамай жұта берсе керек. Дегенмен, ол саналы әрі ойлы, "ләззат сыйлайтын" оқу еді. Ал қазір кітап оқуға уақыт табу үшін тәуліктегі жиырма төрт сағаттың өзі аздық ететіндей. Бірнеше артық сағат қосылса, барлық көздеген кітабын оқып тастайтындай елестетеді. Бұл оқу жылдамдығы мен сапасын арттыруға арналған мақала емес. Керісінше, оқудың сиқырлы магиясын жоғалтып алмауды көздейді.

Бәрі бірнәрсеге тіреледі. Әркім кітап оқудан ләззат алуы тиіс. Кітап – өмірлік ұстаз және әркімнің өмірін өзгерте алады. Ешкім кітап оқудың гиганты емес, бірақ әрбір адам кітапты ұқыпты әрі бар ынтасымен оқуы тиіс. Көп адамдар кітапты көп оқығысы келетінін, бірақ қалай бастау керек екеніндігін білмейтінін айтады. Лео Бабута осының сырына үңіліп көрген екен. Осыны оқыса, көмектесетін шығар.

1. Кітапты міндет болғандықтан емес, ләззат алғандықтан оқы.
Кітапты таныстарыңның бәрі оқығаны үшін оқуға тырысудың қажеті жоқ. Достарыңның арасындағы әңгімеден шеттеп қалмауға әрекеттеніп, өзіңді қинап, әріптен әріпті ажыратпай, мағынасыз жұта берудің зиян екенін ұмытпа. Өзіңе қызық кітаптарды тауып ал да өзің барғың келетін әлем туралы оқуға тырыс. Егер кітап бұл талаптарыңа жауап бермесе, әуре болма.

2. Оқуға уақыт табуға тырыс.
Кітап оқуға уақыт табу көбіне қиын. Жұмыстан шаршайсың, әр уақытың есептеулі,
жақындарыңа көңіл бөлу керек; әлемнен шет қалмау үшін интернетте сағаттап отырасың, теледидар қарауға көп уақыт жұмсайсың, қажетсіз мақалаларды бірінен кейін бірін кезексіз жұта бересің; таусылмайтын сериалдар қарайсың. Кітап оқуға күніне кішкене уақыт бөлуге тырыс. Мейлі ол 10 минут қана болсын, – ең құштарлы 10 минут.Кейін әдетіне айналғанда, ол уақытты 20-30 минутқа көбейтуіне болады. Агентте, скайпта достарыңмен қажетсіз әңгіме соққаннан, осы әлдеқайда пайдалырақ. Ақырында, кітапты қолға алып әжетханаға кіріп кетсең де ешкім саған кедергі келтірмейді.

3. Оқығанда, ештеңеге көңіл аударма.
Кедергі болатын барлық нәрседен алысырақ жайғас. Тыныш әрі бейбір орын тауып ал. Өзің таңдаған кітабыңмен бетпе-бет қал – сен және кітабың. Егер қолың бір нәрсе жасауға талпынып отырса, бір пиала шәй ішумен алдарқат. Барлық электронды құрылғылардан аулақ отыр. Еліктіретін факторлардың сенен барынша алыста болғаны дұрыс. Бәрінің де алдында планшет, ноутбук қосулы жатса, поштасын тексеруге еліріп тұратыны бар. Сондықтан, кітаптың е-нұсқасынан гөрі, қағазды нұсқасын таңдағаның абзал. Өзіңе ыңғайлы бұрышта оқып, ешкім және ешнәрсе кедергі келтірмеуі үшін.

4. Оқуды ештеңеге қарамай ұнат.
Сен өзіңді дамыту үшін, не өзгелердің көзінің алдында ақылдырақ көріну үшін оқып отырған жоқсың.Сен оқудан ләззат алғандықтан, оқып отырсың.Кітап оқудың магиялық күші бар және ол сенің өміріңде көп нәрсені өзгерте алады.Жыл сайын қайта-қайта оқып, әрбір әрібін жаттап алған кітабыңнан әр оқыған сайын бәрібір жаңа ой таба аласың.Кітап оқу сені өзгертеді, жаңа ойларға жеткізеді, кездейсоқ әрекеттерге итермелейді.Кітап оқуды ештеңеге қарамай ұнатсаң, әйтеуір бір оқиғаның боларына сен.

5. Оқуды әлеуметтендіруге тырыс.
Өзіңнің кітап оқуға қызығатын достарыңды тап, басын қос. Онлайн достар тапсаң да болады. Олардың бәрі ой бөлісіп, оқыған кітаптарың туралы сөйлесуге әрқашан дайын. Өзіңнің кітапсүйерлер клубыңды ұйымдастыр. Кітапқа қызығушылық тек қана жеке емес, әлеуметтік болуы мүмкін екенін ұмытпа.

6. Оқуды әдетке айналдыр.
Күнделікті кірбің тірлікте кітап оқуға арнайы уақыт бөл және сол уақытты әдетке айналдыр. Ол күніне 5-10 минут та болуы мүмкін. Күнделікті бөлінген уақытың әдетке айналған сайын, оқудан ләззат ала бастайсың. Өзіңді кітап оқуға итермелейтін нәрселердің тізімін де жасап алғаның дұрыс. Сол тізімнен, күнделікті әдетіннен ауытқымауға тырыс.

7. Атүсті, шала оқыма.
Оқуды өзіңнің күнде жасайтын міндетті жұмысыңа айналдырма.Оған тезірек аяқтайтын тапсырмалар тізіміндегі кезекті шаруа деп қарама.Ұмытпа, ол өзіңді дамыту жоспарындағы орындалуы тиіс пункт емес.Оқыған кітаптар тізіміңді көбейту үшін де әуре болма.Кітап оқу сенің өміріңді қызықтырақ ету жоспары бойынша жасалуы тиіс.

8. Егер кітап жалықтырса, лақтырып таста.
Кітап оқу міндет болғандықтан емес, ол процестен ләззат алғандықтан оқы. Егер кітап қызық болмаса, лақтырып таста. Кітаптың алғашқы тарауында жалыға бастасаң, ойланбастан келесі кітапқа көш. Мүмкін бұл кітап сен үшін емес шығар. Мүмкін қазір бұл кітаптың уақыты емес шығар. Есіңде сақта, кітап оқудан ләззат алуың керек.

9. Өзіңе қызық кітаптарды ашуға тырыс.
Оқылған кітап туралы өзге кітапсүйер достарыңмен ой бөліс.Кітапқа жазылған рецензиялар мен шолуларды оқы. Кейде болса да кітап дүкендері мен букинистік дүкендерді аралап шығуды ұмытпа. Дәл сол жерлерде өзіңе қызық кітаптарды тауып ала аласың. Кітапхана – тыныштық пен кітап оқудың магиялық күшін сездіретін нағыз кітап храмы. Ол жердегі кітап парақтарының ашылған даусы мен иісінің өзі жалықтырмайды.

10. Оқу жылдамдығын ойлап, әуре болма.
Кітапты жылдам оқу біреулерге қызығырақ көрінуі мүмкін. Бірақ, асықпай оқу да жақсы. Оқылған кітаптардың саны мен ол кітаптарды оқуға кеткен уақыттың ешқандай пайдасы жоқ. Кітап оқу жарыс емес. Кітап оқудан ләззат алғалы отырсың, ендеше асықпа. Бұл тамақ жеу не қыздың көңілін табу сияқты асықпай жасалатын процесс. Процестің өзінен ләззат алу керек. Асықпай, әр сөйлемнің ләззатын толығымен сезіп, түсініп оқы.

massaget.kz сайтынан алынды.

Қаперіңізде жүрсін!

Қағаз қалай пайда болғанын білесіз бе?

Бәріміз күнделікті өмірде қағаз өнімін пайдаланамыз, алайда қағазды қалай, қайтіп немесе кім ойлап тапқанын біле бермейміз. Қағаздың пайда болуы дүниедегі ең үлкен жаңалықтардың бірі болып есептеледі. Ол туралы толық мәлімет алғыңыз келсе, кезекті материалымызды оқыңыз.

Қағазды ойлап тапқан ел – Қытай. Бұл жай ғана сәйкестік емес. Біріншіден, Қытай мемлекеті көне заманнан бері өзінің кітап жазу шеберлігімен, басқару төрелігімен белгілі болғандықтан, ақпаратты үнемі қағаз бетіне түсіріп отыруға міндетті болған. Алайда ол уақытта адамдар жазу мен сызуға басқа материал пайдаланып, әрқашан тиімді және өте ыңғайлы жазба құралын табуға талпынған. Қытай елінде қағаз өнеркәсібі пайда болмай тұрып, олар ақпаратты бамбук таяқшасына немесе жібек матасына жазатын болған. Біріншіден, жібек мата қымбатқа түссе, бамбук таяқшасы қолайсыз әрі ауыр болған. Екіншіден, тек қытайлықтар ғана ұзақ жылдар бойы жібекті қалай өндіру керек екенін білген. Ал қағаз өнеркәсібінің өндіру технологиясы жібек мата өндірісіне ұқсас.

Бұл өндіріспен айналысатын әйел адамдар жібек құртын (кокон) қайнатып, одан кейін оларды сабанға жайып, суға түсіру арқылы бір деңгейлі қоймалжың зат пайда болғанша қажаған. Артынша қоймалжың затты судан сүзіп алған соң, жібек матасы шыққан. Мұндай механикалық және жылу өңдеуінен кейін сабанда жіңішке бетті талшық қалып отырған. Ол талшық кепкен кезде жазуға жарамды жұқа қағаз парағына айналған. Кейінірек жұмысшылар қағаз өніміне жарамсыз жібек матасын қолдана бастайды. Қағаз жібек матасынан жасалғандықтан, оған «мақта қағазы» деген атау берілген.

Уақыт өте келе, адамдарда осы қағазды жібек матасынан басқа қандай заттан жасауға болады деген сұрақ туындайды. 105 жылы Хань империясы салтанат құрып тұрған кезде Цай Лунь атты белгілі атқамінер ескі балық аулайтын тор ауынан жаңа қағаз түрін ойлап табады. Сапасы жағынан жібек қағазынан ешқандай кемшілігі жоқ және құны әлдеқайда арзан. Бұл жаңалық тек Қытай еліне ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемге маңызды өзгеріс алып келді. Сондықтан Цай Лунь есімі адамзат тарихындағы ең маңызды жаңалықтың авторы ретінде белгілі.

Қағаз өнімі ғасыр бойы дамып, өнеркәсіпшілер оны жаңартып, жетілдіру енгізіп отырған. IV ғасырда қағаз өнімі бамбук таяқшасын шетке ысырады. Сан алуан тәжірибе мен сынақтар қағаз өнімін ағаш, бамбук, қамыс секілді шикізаттардан жасауға болатынын көрсетті. Әсіресе қытайларға бамбук шикізаты маңызды болған, өйткені бұл мемлекетте аталған өсімдік көп өсетін.

Бамбук ағашын жұқа шырпыға бөлшектеп, әкпен сулап, бірнеше күн бойы қайнатады. Дайын болған қоймалжың затты арнайы шұңқырда ұстап, билмен мұқият жағу арқылы кілегей тектес зат пайда болғанша су қосып отырады. Осы сияқты бірнеше өндіру сатыларынан өткен соң, аяғына таман қатпарлы, жұқа парақ пайда болады.

Ұзақ ғасыр бойы қытайлар қағаздың өндіру жолын құпия түрінде ұстап келгендіктен, өзге мемлекеттер оны кеш меңгере бастайды. Сөйтіп 751 жылы Тянь-Шань жерінде араб-қытай қақтығысында бірнеше қағаз өндіру шебері арабтардың тұтқынына түседі. Осы тұтқындар арқылы арабтар қағаз өндіру кәсібін үйреніп алады. Еуропалықтар бұл кәсіпті соңғы болып меңгерді. Алғашқыда Испанияға тарап, кейіннен 1154 жылы Италия, 1228 жылы Германия, 1309 жылы Англия еліне келіп жетеді.

Дайындаған: Нұрбол Нұрмаханұлы

ТАЗА ОЙ - ҚОРҒАНЫСЫҢ

Барлық теріс пиғылды ойлар және сезім жүйке жүйелерін бұзып әрі ластап ғана қоймастан, адам организімін өздігінен уландыра отырып, оның денесіндегі энергетикалық құрылысына кері реакциялық құбылыс туғызады. Осыған байланысты таза, жарық, көңілді, сезімді, таза ой ол әр қашанда емдік мақсаттар мен мейірбандылықтың қайнар көзі болып табылады. Олар адамның қанын тазалайды, энергетикалық потенциялын (салмағы, ауқымы) күшейтеді әрі оның рухани қабілетін арттырады.

Біздің рухымыздың әйнектей жарқырауы – ол біздің өміріміз, біздің денсаулығымыз және біздің көз қарасымыздың жақсаруы. Рухани тазалық – ол қоршаушы ортада және өмірде нағыз гормониялық тұлғаны сақтап тұру. Кімде-кім өзін тани білмесе, ол өмірден аларынан құр қалады, ал өзін-өзі таныған ғана нағыз шындықтың биігіне көтеріліп, өзін міне «Мен» – деп көрсете алады. Рухани болу бұл өзінің басты сырын тани білу, оған деген көз қарасын дұрыстап, өзіне пайдалы жағын пайдалана білу. Рухани шындықтың негізі – ол тілектестік, барлық қатынастық жақтарға ашық болу мен бірдей деңгейге ашық түрде байланыс жасау, бұл өзара бірлікке жақындау әрі басқалардың қалай өмір сүруіне жол ашу болары анық.

Кеңесті еске сақтаңыз. Санаңды емде! өзіңнің рухыңдағы теріс және қара «тесіктерді» жабуға әрекет ет! Ниетіңді аққа бұр! Татулықты өзіңнің ішкі құпияңнан изде!
Барлық қорқыныштан денеңді босат!
Менде «өшпенділік», «қаталдық» және «қызғаныш-күншілдік» - жоқ деп айт!
Өзіңнің ойыңды оқып бақылай біл! Өзіңнің ренішің мен толқуыңды көтере біл! Сонда ғана жағымды ойшыл адам бола аласың! Өзіңнің ішкі дүниеңді таза қуатпен жүрек жылуымен және таза сүйіспеншілікпен толтыр! Себебі, барлық діндерде тек қана қайырымдылықты, сүйіспешілік және адамгершілікті үгіттеуі кездейсоқ емес. Жағымсыз энергия әсері ешкімге де жақсылық әпермейтінін білу қажет!

Қожамылов Зяданның «Ғаламның жұмбақ сырлары» еңбегінен.

ЖУРНАЛИСТ
студенттердің оқу-тәжірибелік газеті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті, Баспасөз және электорнды БАҚ кафедрасы*

Жетекші редактор:
Жақсылықбаева Римма Серікәліқызы

Жауапты хатшы әрі дизайнері:
Әнербаев Мәулен Даниярұлы

Мекен-жайы:
Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті, Баспасөз және электорнды БАҚ кафедрасы.
Байланыс телефоны:
3-77-33-33, 3-77-33-34. (ішкі: 13-51, 13-47)